



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

Мамыр 2024

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ ТӨРАФАСЫНЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ	31
МАМЫРДАҒЫ БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ	4
I. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛДЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ	8
1.1. Болжамның алғышарттары	8
1.2. Экономикалық ахуалдың базалық сценарий бойынша даму перспективалары	10
1.3. Орта мерзімді перспективадағы тәуекелдер	12
1.4. Төлем балансының ағымдағы шотының болжамы	13
II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ	18
2.1. Ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігі	18
2.1.1. Пайыздық арна	18
2.1.2. Кредиттік арна және депозиттер (әл-ауқат арнасы)	20
2.1.3. Валюта арнасы	22
2.2. Ақша массасы	23
III. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР	25
3.1. Сыртқы сектор	25
3.2. Ішкі сектор	28
3.3. Өндіріс шығасылары	30
3.4. Инфляция	32
3.5. Фискалдық саясат	35
НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР	37
НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ	40
БОКСТАР	
1-бокс. Дамушы елдердің сыртқы борышын салыстырмалы талдау	14
2-бокс. Кредит беру көлемінің экономикалық белсенділікке әсерін бағалау	21
3-бокс. Қазақстан экономикасы үшін «Еуропалық Жасыл бағытты» іске асыру тәуекелдері	26
4-бокс. Қазақстан өңірлеріндегі бұрын соңды болмаған су тасқынының инфляцияға ықтимал әсері	34



Ақша-кредит саясаты туралы баяндама Ұлттық Банктің тоқсандық басылымы болып табылады, онда инфляцияға әсер ететін негізгі макроэкономикалық факторлардың талдауы, сондай-ақ макроэкономикалық өлшемдердің қысқа мерзімді және орташа мерзімді перспективадағы болжамы қамтылады.

Құжат Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде электрондық нұсқада жарияланады.

Макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамы мен талдауы **2024 жылғы 13 мамырдағы** жағдай бойынша статистикалық ақпарат негізінде дайындалды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ 31 МАМЫРДАҒЫ БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ



Ұлттық Банктің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені 14,5%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады.

Шешім қабылдау кезінде инфляция мен экономика өсімінің жаңартылған болжамдары, нақты деректерді талдау және тәуекелдер балансының нәтижелері ескерілді. Қазіргі кезде біз жылдық инфляцияның болжамдарға сәйкес төмендеуін байқап отырмыз. Наурыз-сәуір айларында баға өсімінің орнықты бөлігінің

төмендей бастауы – біз үшін оң сигнал болды. Алайда инфляциялық күтулердің қайта өсуі байқалуда. Бұл дезинфляциялық саясатты жалғастыру қажеттігін растайды.

Экономикадағы проинфляциялық факторлар сақталуда. Ол жоғары инфляциялық күтулермен қатар фискалдық ынталандыруға, орнықты ішкі сұранысқа және тұрғын үй-коммуналдық қызметтер саласындағы реформалардың жалғасуына байланысты. Бұрын соңды болмаған су тасқынынан экономика мен инфляцияға келетін шығын мөлшері болжағаннан төмен болды.

Сыртқы инфляциялық жағдай орталық банктердің монетарлық саясаты және азық-түлік бағасының төмендеуі нәтижесінде бейтарап ретінде бағаланады.

Қазіргі ақша-кредит шарттары орта мерзімді перспективада инфляцияны 5% деңгейіне дейін төмендету және тұрақтандыру мақсатында елдегі инфляциялық процестерді бір деңгейде ұстап тұруға ықпал етеді.

Енді шешім қабылдауға негіз болған факторларға тоқталып өтейін.

БІРІНШІ. ИНФЛЯЦИЯ МЕН ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ КҮТУЛЕР ДИНАМИКАСЫ.

Жаһандық инфляциялық қысымның әлсіреуінен, тамақ өнімдерін өндірушілер бағасының төмендеуінен және қалыпты қатаң ақша-кредит саясатынан инфляция баяулайды.

Сәуірде бағаның жылдық өсуі 8,7% болды. Азық-түлік тауарларының инфляциясы айтарлықтай төмендеп, 6,3%-ды құрады. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсуі де 7,6% болып, баяулап отыр. Ал ақылы қызметтер инфляциясы тұрғын үй-коммуналдық қызметтер тарифтерінің көтерілуі нәтижесінде жылдық мәнде 13,5%-ға дейін жеделдеді.

Айлық инфляция сәуірде 0,6%-ды құрады. Бұл орташа жылдық динамикаға сәйкес келеді. Азық-түлік тауарлары бағасының төмен өсуінен базалық және маусымдық факторлар қамтылмаған инфляцияның көрсеткіштері орта-мерзімді мақсатқа жақындай отырып, қатарынан екі ай бойы төмендеді. Біз әрі қарай осы көрсеткішті ұстап тұруымыз қажет.

Сәуірде инфляциялық күтулер өсті. Алдағы бір жылда күтілетін инфляция 16,1% (наурызда 14,2%) болды. Респонденттердің пікірі бойынша, бағалардың өсуін күтудің негізгі себептері – су тасқынының салдарынан азық-түлік бағасының өзгеруі, жанар-жағармай бағасының қымбаттауы және тұрғын үй-коммуналдық қызметтер саласындағы реформа.

Өз кезегінде, экономиканың нақты секторы өкілдерінің сауалнамалары болашақ инфляция бойынша неғұрлым ұстамды болжамдарды көрсетеді. Кәсіпорындар дайын өнім, шикізат және материалдар бағасының өсу қарқыны баяулауын күтуде. Соңғы сауалнама қорытындысы бойынша қаржы нарығының кәсіби қатысушылары инфляция ағымдағы жылдың соңына қарай 8,5% деңгейінде қалыптасады деп болжап отыр.

ЕКІНШІ. ІШКІ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ҮРДІСТЕР.

2024 жылы қаңтар-сәуір айларында қысқа-мерзімді экономикалық индикаторға сәйкес Қазақстан экономикасы жылдық 3,9%-ға өсті. Іскерлік белсенділіктің өсуі ішкі және сыртқы сұраныспен қамтамасыз етіліп отыр. Экономиканың барлық негізгі салалары орнықты қарқынмен өсуде.

Құрылыс, ақпарат пен байланыс және көлік салаларында ең жоғары өсу қарқыны орын алды. 2023 жылғы құлдыраудан кейін ауыл шаруашылығындағы өндіріс қалпына келуде.

Жиынтық ішкі сұраныс орнықты болып қалып отыр. Нақты жалақының қалыпты өсуі, экономиканың шикізатқа жатпайтын секторындағы инвестицияларды ұлғайту және бюджет шығыстарын арттыру сұранысқа қолдау көрсетуде. Сонымен қатар, тұтынушылық кредиттердің өте көп берілуі сақталып отыр. Бұл тұтыну көлемі халықтың нақты табысының өсу қарқынынан айтарлықтай асып түсетінін көрсетеді.

Шикізатқа жатпайтын сектордағы инвестициялық белсенділік өсуде (биылғы жылғы қаңтар-сәуірде жылдық 18,4%). Олар – өңдеу өнеркәсібі, электрмен жабдықтау, құрылыс, көлік, ақпарат пен байланыс.

Іскерлік белсенділік индексі (ИБИ) соңғы үш ай бойы өндірісте және қызмет секторында оң аймақта қалыптасты. Кәсіпорындар бизнесті жүргізудің қазіргі және болашақтағы шарттарын оң бағалап отыр.

ҮШІНШІ. СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНЪЮНКТУРА.

Сыртқы сектордағы инфляциялық жағдай бірқалыпты деп бағаланады. Бұл тежеуші ақша-кредит саясатының жалғасуына және әлемдегі азық-түлік бағасының оң динамикасына байланысты.

Өсімдік майын қоспағанда, азық-түліктің барлық түрінің әлемдік бағасы наурыз бен сәуірде шамалы өскеніне қарамастан, жылдық мәнде төмендеді.

Дамыған елдердің орталық банктері пайыздық мөлшерлемелерді жоғары деңгейде сақтап отыр, бұл инфляцияны нысаналы бағдарға дейін орнықты баяулатуды қамтамасыз ету үшін қажет.

Биыл наурыз бен сәуірдің қорытындысы бойынша Еуроодақта бағаның жылдық өсімі 2,6%-ға дейін баяулады. Еуропа орталық банкінің бағалауы бойынша ақша-кредит шарттары инфляцияның төмендеу процесіне елеулі үлес қосатын деңгейде қалыптасқан, ал саясатты жұмсарту биыл жазда басталуы мүмкін.

АҚШ-тағы инфляция сәуірде 3,4% болды. Федералдық резервтік жүйенің риторикасына сәйкес соңғы айларда инфляция 2%-дық мақсатқа жетуді көрсетпеді. Соған сәйкес мөлшерлемелердің жоғары деңгейі ұзақ уақыт сақталуы мүмкін.

Қытайда тұтынушылық инфляция ішкі сұраныстың біртіндеп қалпына келуі аясында қатарынан үш ай бойы өсуде. Бағаның жылдық өсуі сәуірде 0,3%-ды құрады.

Ресейде инфляция сәуірде 7,8%-ға жетті. Бағалардың өсуіне жоғарылатылған ішкі сұраныс пен жоғары инфляциялық күтулер ықпал етуде. Ресей Федерациясының орталық банкінің бағалауы бойынша, инфляцияны мақсатқа қайтару және оны 4%-ға жуық деңгейде ұстап тұру экономикада қатаң ақша-кредит шарттарын ұзақ уақыт сақтауды талап етеді.

Мұнай нарығы бір баррель үшін шамамен 82 доллар белгісінде тұрақталды. ОПЕК+ елдерінің мұнай өндіруді қысқартуын осы жылдың екінші тоқсанының соңына дейін ұзарту, АҚШ-та өндірудің шамалы өсуі және Таяу Шығыста жалғасып жатқан соғыс қимылдары бағаларға әсер етті.

Осыған байланысты Brent маркалы мұнайдың бағасы базалық сценарийде 2024 жылы орташа есеппен 85 доллар деңгейінде белгіленді, 2025 және 2026 жылдары тиісінше 80 және 77 долларға дейін төмендейді.

Енді макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамына тоқталып өтейін.

Биылға инфляция болжамы өзгерген жоқ, бұл - 7,5-9,5% дәлізі. 2025 жылға арналған болжам 5,5-7,5% деңгейінде сақталды. 2026 жылы фискалдық ынталандырудың төмендеуіне және қалыпты қатаң ақша-кредит шарттарының сипатына қарай инфляция 5-6%-ға дейін баяулайды деп күтеміз. Бұл ретте біз базалық инфляция 2025-2026 жылдары 5% деңгейінде қалыптасып, жалпы инфляция деңгейінен төмен болады деп күтеміз.

Біз базалық инфляцияға ден қойып отырғанымызды атап өткім келеді, себебі ол және тұрғын үй-коммуналдық қызмет бағаларын белгілеу саласындағы реформалар сияқты уақытша факторларды қамтымайды және ол бағалардың жалпы деңгейінің өзгеруінің тұрақты үрдістерін неғұрлым толық бағалауға мүмкіндік береді.

Инфляцияның төмендеуіне ақша-кредит шарттарының қатаң сипаты және болашақтағы бюджеттік шоғырлану жағдайында сыртқы ортадағы бағаның өсуіне байланысты жағдайдың одан әрі жақсаруы ықпал етеді.

Инфляцияның төмендеуіне ақша-кредит жағдайларының біркелкі қатаң сипаты және сыртқы ортадағы бағаның өсуіне және күтілетін бюджеттік шоғырландыруға байланысты жағдайдың одан әрі жақсаруы ықпал ететін болады.

Болжамның негізгі тәуекелдеріне бюджет саясаты параметрлерінің жеткіліксіз айқындылығы, реттелетін бағалар саласындағы реформалардың жалғасуы, тұрақсыз инфляциялық күтулер кезінде ішкі сұраныс тарапынан қысымның өсуі, геосаяси шиеленіс жатады.

2024 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан экономикасының өсуі 3,5-4,5% шегінде болжанды. Биыл іскерлік белсенділік фискалдық ынталандыру аясында ішкі сұраныс есебінен қамтамасыз етіледі, ол салық жинау динамикасы мен бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығының нақты динамикасынан көрінеді. Кейінгі жылдарға арналған болжамдарға келетін болсақ, біз оларды қайта қарадық.

Біздің бағалауымыз бойынша ТШО-ны болашақта кеңейту жобасын іске қосуды 2025 жылдың екінші жартысына ауыстыру экспорт пен ЖІӨ өсу траекториясын ауыстыруға алып келеді. Яғни, 2025 жылы біз экономиканың 4,8-5,8% шегінде өсуін күтеміз. 2026 жылы ТШО-дағы өндірісті ұлғайтудың әсерін ескерсек, ЖІӨ-нің өсуі бұрын болжанғаннан жоғары болып, 4,9-5,9%-ды құрайды.

Біздің басты міндетіміз – орта-мерзімді перспективада инфляция бойынша белгіленген мақсатқа 5%-ға қол жеткізу. Бұл ұзақ уақыт бойы ұстамды қатаң ақша-кредит саясатын жүргізуді талап етеді, инфляциялық процестерді баяулатуда қалыптасқан прогресті ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені өзгерте отырып, тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің реформалары нәтижесінде бағалардың тікелей өсуіне ықпал етпейді. Сонымен бірге, жүргізіліп жатқан реформалардың қайталану әсерін қадағалап, қажет болған жағдайда негізгі мандатымызға сәйкес шаралар қабылдаймыз.

Ақша-кредит саясаты бойынша келесі шешім нақты инфляцияның болжамды траекторияға сәйкестігіне және тәуекел балансын бағалауға байланысты қабылданады. Баға өсімінің орнықты бөлігінің тұрақты баяулауы 2024 жылдың екінші жартысында базалық мөлшерлемені одан әрі байыппен төмендету мүмкіндігін қалыптастырады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы

Тимур Сүлейменов



**ЭКОНОМИКАНЫҢ
ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

I. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛДЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

1.1. Болжамның алғышарттары


Әлемдік экономиканың қалыпты қарқынмен өсуі жалғасуда. Жаһандық инфляцияның біртіндеп төмендеуі күтілуде, бірақ осы жылы ол нысаналы мәндерден жоғары болады. Жақын перспективада монетарлық жағдайлардың жеңілдеуі күтілмейді.

ХВҚ базалық сценарийі¹ шеңберінде әлемдік экономиканың өсуі 2024-2026 жылдары (ж/ж) 3,2% деңгейінде жалғасады. 2023 жылмен салыстырғанда экономикасы дамыған елдерде, әсіресе АҚШ-та, экономикалық белсенділіктің аздап жеделдеуі күтілуде. Дамушы елдерде өсімнің орташа баяулауы күтілуде. ХВҚ болжамына сәйкес жаһандық инфляция 2023 жылғы (ж/ж) 6,8%-дан 2024 жылы (ж/ж) 5,9%-ға дейін бәсеңдеп, 2025 жылы (ж/ж) 4,5% деңгейінде одан әрі тұрақтанады.


Қазақстан экспорттайтын өнімге сыртқы сұраныс Ресей экономикасының күтілетін неғұрлым жоғары өсу қарқыны қолдау көрсетуі мүмкін. Сыртқы инфляциялық қысым қысқа мерзімді кезеңде Ресейде инфляция жеделдеуіне қарай шамалы күшейеді, бұл Қытаймен сауда ұлғаюынан реттелуі мүмкін.

Болжамды келешекте монетарлық саясаттың күтілетін жеңілдеуі аясында Қытай экономикасының неғұрлым жоғары өсу қарқыны күтілуде. Ресейде экономикалық өсім жоғары ішкі сұраныстан қолдау табады. ЕО экономикасы қатаң монетарлық саясат, нашар өнеркәсіп секторы мен сыртқы сұраныс аясында төмен қарқынмен өседі (1-график). Қысқа мерзімді перспективада сыртқы инфляциялық қысым Ресейдегі бұрын болжанғаннан неғұрлым жоғары инфляция есебінен күшеюі мүмкін деп күтіледі. Бүкіл болжамды келешекте Қытайда инфляция 3,0%-дық таргеттен төмен қалыптасады. ЕО-да бұрын күтілгеннен неғұрлым жылдам нысаналы деңгейге қол жеткізу күтіледі (2-график).

1-график. ЖІӨ өсу қарқыны, ж/ж, %



2-график. Инфляция, ж/ж, %



Дереккөзі: Eurostat, National Bureau of Statistics of China, Росстат, Consensus Ecs., РФ ОБ, ҚР ҰБ бағалауы

Әлемнің көптеген елдерінде жалпы инфляцияның баяулауы жалғасты, алайда базалық инфляция нысаналы мәндерден жоғары болуда, бұл жоғары пайыздық мөлшерлемелерді ұзақ уақыт ұстап тұруға алып келеді.

¹ ХВҚ "Әлемдік экономиканың даму перспективалары. Тұрақты, бірақ баяу: айырмашылықтар аясында орнықтылық", 2024 жылғы сәуір

«2024 жылғы ақпан» болжамды раундпен салыстырғанда сыртқы монетарлық жағдайлар қатаң күйінде қалып отыр. АҚШ-тың ФРЖ-сы тежеу саясатын ұзақ уақыт бойы ұстанады деп күтілуде. Өз кезегінде, ЕОБ инфляцияның баяулауына байланысты биылғы жазда саясатты жеңілдетуге көшуі мүмкін. РФ ОБ-сы қатаң монетарлық саясатты бұрынғыдан ұзақ ұстанатын болады.

Орта мерзімді перспективада мұнайдың ұсынысы сұраныстан асып түсуі, ОПЕК+ тыс елдердің күткендей мұнай өндіруді өсіруі және әлемдік экономиканың қалыпты даму болжамдары жағдайында мұнайға баға белгілеу біртіндеп төмендеуі күтіледі.

Өткен «2024 жылғы ақпан» болжамды раундтың соңынан байқалатын мұнайдың неғұрлым жоғары әлемдік бағасы ағымдағы болжамды раунд шеңберінде мұнай бағасының қысқа мерзімді динамикасын өсу жағына қарай қайта қарауға себепші болды. ОПЕК+ келісімін ұзарту аясында мұнайдың ұсынысы төмендеуі, сондай-ақ геосаяси шиеленістің сақталуы қысқа мерзімді кезеңде мұнайдың әлемдік бағасын ағымдағы деңгейде ұстап тұруға ықпал етеді. Базалық сценарий шеңберінде осы жылы мұнай бағасы бір баррелі үшін орташа алғанда жылына 85 АҚШ доллары деңгейінде тұрақталады деп күтілуде. Бұған Сауд Арабиясы мен ОПЕК+ елдері арасындағы мұнай өндіру көлемін 2024 жылғы екінші тоқсанның соңына дейін² 2,2 млн баррелге қысқарту туралы келісімді ұзарту ықпал етеді. Бұдан әрі ОПЕК+ тыс елдердің мұнай өндіруі күтілетіндей өсуінен және әлемдік экономиканың неғұрлым қалыпты даму болжамдарынан мұнай бағасы 2025 жылы орташа алғанда бір баррелі үшін 80 АҚШ долларына дейін және 2026 жылы бір баррелі үшін 77,3 АҚШ долларына дейін біртіндеп төмендеуі болжануда.

Сонымен қатар, әлемдік экономиканың дамуы белгісіз болуына қарай базалық сценариймен қатар мұнайдың әлемдік бағасы динамикасының баламалы сценарийлері де қаралды (1-кесте, 3-график).


1-таблица. Мұнай бағасы бойынша болжамдардың алғышарттары*

	2024	2025	2026
Негізгі сценарий	85,0 (80,0)	80 (80,0)	77,3 (77,0)
Пессимистік сценарий	74,0 (66,8)	60,0 (60,0)	60,0 (60,0)
Оптимистік сценарий	93,0 (91,8)	100,0 (100,0)	100,0 (100,0)

Дереккөзі: ҚРҰБ есебі

* – жақшада «2023 жылғы ақпан» болжамды раунды шеңберінде алдыңғы алғышарттар көрсетілген

3-график. Brent маркалы мұнай бағасының сценарийі, бір барреліне АҚШ долларымен



Дереккөзі: EIA, ҚР ҰБ есептеуі

² https://www.opec.org/opec_web/en/press_room/7305.htm

1.2. Экономикалық ахуалдың базалық сценарий бойынша даму перспективалары


2024 жылғы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша Қазақстанның ЖІӨ өсімі баяулап, 3,7% болды. Экономиканың барлық негізгі салаларында іскерлік белсенділік кеңейді, алайда тау-кен өндіру өнеркәсібінде және онымен байланысты инвестицияларда нашар өсім байқалуда. Болжамдар бойынша ЖІӨ-нің өсуі 2024 жылы – 3,5-4,5%, 2025 жылы – 4,8-5,8%, 2026 жылы – 4,9-5,9% болады (4-график) (2-кесте).

2024 жылы ЖІӨ өсуінің негізгі көзі ішкі сұраныс болады. Үй шаруашылықтарының тұтынуы әлеуметтік салаға бюджет шығысы өсуінен, су тасқынынан зардап шеккендерге өтемақы төлеуден, сондай-ақ жалақы өсімінің және тұтыну кредиттерін берудің оң динамикасынан қолдау табады. Жалпы жинақтау өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында және экономиканың басқа да салаларында инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен, энергетикалық және көлік инфрақұрылымын жаңғырту есебінен, сондай-ақ көктемгі су тасқыны кезінде зақымдалған ғимараттарды, құрылыстар мен тұрғын үйлерді қалпына келтіруге бағытталған құрылыс жұмыстарының көлемі ұлғаюына қарай өсетін болады.

Ішкі сұраныстың оң динамикасы импорттың өсуін ынталандырады, ол ЖІӨ өсуіне тежеуші ықпал етеді. Мемлекеттік басқару органдарының шығысы бойынша оң серпін де күтілуде, бұл қызметкерлердің жалақысына және тауарлар мен қызметтерді тұтынуға арналған шығыс өсуіне негізделеді. Мұнай өндіру мен 2023 жылы астықтың нашарлығынан дәнді-дақылдылар экспорты шамалы ұлғаюына байланысты экспорт төмен қарқынмен өседі. Нәтижесінде, **экономиканың өсуі бойынша 2024 жылға арналған болжам 3,5-4,5% болды.**

Келесі жылдардағы экономиканың өсіміне келетін болсақ, **2025-2026 жылдары** ол тиісінше **4,8-5,8%-ды және 4,9-5,9%-ды** құрайды. 2025 жылғы болжамның төмендеуі және оның алдыңғы болжамға қарағанда 2026 жылы жоғарылауы (2025 жылы – 5,5-6,5%, 2026 жылы – 3,5-4,5%) ТШО-ға ККЖ/ҰЕҚБ жобасын енгізу мерзімдерін 2025 жылдың басынан оның екінші жартысына ауыстыруға байланысты болды. Мұнай секторы жағынан экономика өсуін елеулі қолдаудан және экспорттың тиісті өсуінен басқа фискалдық ынталандырумен және тұтынушылық кредиттеумен ынталандырылатын ішкі сұраныс ЖІӨ-нің өсуіне де оң үлес қосады. Алайда жоспарланған фискалдық шоғырлану мен мұнай өндірудің өсімі тұрақтануына қарай осы факторлардың әсері әлсіреп, 2026 жылдың екінші жартысынан бастап экономиканың жылдық өсімі өзінің әлеуетті мәндеріне ұмтылады.

4-график. ЖІӨ, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ болжамы

ЖІӨ-нің нақты деңгейі өзінің әлеуетті деңгейінен пайыздық ауытқуы ретінде айқындалатын айырмашылық алшақтығы 2024-2025 жылдар бойы оң аймақта болады, 2026 жылдың соңына қарай біртіндеп жабылады. Бұл 2025-2026 жылдары мұнайды өндіру өсуіне байланысты фискалдық ынталандыру мен тұтынушылық кредиттеудің, сондай-ақ экспорт аясындағы ішкі сұраныстың оң динамикасына байланысты. Сонымен қатар 2026 жылы фискалдық ынталандыру таусылуына қарай экономика өзінің әлеуетті деңгейлеріне жақындайды. Осылайша, болжамды келешек бойы айырмашылықтың аралығы экономикада негізінен инфляцияны ұлғайтатын қысым көрсетеді.


2024 жылдың алғашқы айларында инфляцияның ағымдағы динамикасы Ұлттық Банктің болжамдарына сәйкес қалыптасады. 2025-2026 жылдары инфляцияның бәсеңдеуі жалғасады, болжамды динамиканың алғышарттары мен траекториясы елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ. Осылайша, 2024 жылы инфляция 7,5-9,5%, 2025 жылы – 5,5-7,5% болады, 2026 жылы 5,0-6,0% аралығында қалыптасып, 5%-дық нысанына жақындайды (5-график) (2-кесте).

2024 жылы азық-түлік тауарлары бағасының өсу қарқыны біртіндеп баяулауы күтіледі, бұған тамақ өнімдері мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің бағасы төмендеуі, сондай-ақ импорттық бағаның төмен өсу қарқыны ықпал етеді. Сонымен қатар, азық-түлік нарығында су тасқынының ықтимал салдарына және құрғақшылық ықтималдығына байланысты бағаның өсу тәуекелі сақталуда.

Инфляцияның баяулауы азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен нарықтық көрсетілетін қызметке орнықты ішкі сұраныс болуынан инфляцияны ұлғайтатын қысыммен тежеледі.

Реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің тарифтері өсуінен едәуір дәрежеде қызметтер секторында бағаның біршама өсуі болжануда.

5-график. Инфляция, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ болжамы

2025-2026 жылдары орташа қатаң ақша-кредит жағдайлары аясында инфляцияның бәсеңдеуі жалғасып, 2025 жылы **5,5-7,5%-ды** және 2026 жылы **5-6%-ды** құрайды. ҚР ҰБ-ның орташа қатаң саясаты салдарынан инфляциялық күтулердің тұрақтануы, бюджет тапшылығының күтілетін төмендеуі, Қазақстанның сауда-серіктес елдерінде инфляция өз нысаналы мәндеріне бірте-бірте келуі және әлемдік азық-түліктің бағасы төмендеуіне қатысты жалпы үрдіс орта мерзімді перспективада инфляция төмендеуіне ықпал етеді. Сонымен қатар реттелетін ТКҚ тарифтерінің өсуі, оң фискалдық импульс, артқан тұтынушылық кредиттеу инфляция тез төмендеуіне кедергі келтіреді.

2-кесте. Базалық сценарий бойынша болжам

	2024	2025	2026
ЖІӨ, ж/ж, %	3,5-4,5 (3,5-4,5)	4,8-5,8 (5,5-6,5)	4,9-5,9 (3,5-4,5)
ТПИ, өткен жылғы желтоқсанмен салыстырғанда желтоқсанда, %	7,5-9,5 (7,5-9,5)	5,5-7,5 (5,5-7,5)	5-6 (5-6)
Brent мұнайы, бір баррелі үшін АҚШ долларымен, жылына орта есеппен	85 (80)	80 (80)	77 (77)

Дереккөзі: ҚРҰБ болжамы

3 (а) кесте. Пессимистік сценарий бойынша болжам

	2024	2025	2026
ЖІӨ, ж/ж, %	3-4 (3-4)	4,3-5,3 (5-6)	4,9-5,9 (3,5-4,5)
ТПИ, өткен жылғы желтоқсанмен салыстырғанда желтоқсанда, %	8-10 (8-10)	6,5-8,5 (6,5-8,5)	6-7 (5,5-6,5)
Brent мұнайы, бір баррелі үшін АҚШ долларымен, жылына орта есеппен	74	60	60

3 (б) кесте. Оптимистік сценарий бойынша болжам

	2024	2025	2026
ЖІӨ, ж/ж, %	4-5 (4-5)	5-6 (6-7)	4,9-5,9 (3,5-4,5)
ТПИ, өткен жылғы желтоқсанмен салыстырғанда желтоқсанда, %	7-9 (7-9)	5-7 (5,0-6,5)	5-6 (5-6)
Brent мұнайы, бір баррелі үшін АҚШ долларымен, жылына орта есеппен	93	100	100

Дереккөзі: ҚРҰБ болжамы

1.3. Орта-мерзімді перспективадағы тәуекелдер

Өткен болжамды раундпен салыстырғанда тәуекелдердің жиынтық балансы жалпы өзгерген жоқ (6-график).

Қазақстанда реттелетін бағалар саласында реформалар жалғасуына байланысты ұсыныстың күтпеген өзгерістері басталу тәуекелі жоғары болып қалуда. Мемлекеттік бюджеттің шығысын өтеу үшін салықтардың қазіргі кездегі жиналуын және таяуда су тасқынынан зардап шеккен Қазақстан өңірлерін қалпына келтіру қажеттілігімен бірге мұнайға байланысты емес жоғары тапшылықты ескере отырып, фискалдық ынталандырумен жеделдейтін ішкі сұраныстың күшею тәуекелі негізгілердің бірі болып табылады.


Инфляциялық күтулердің жоғары мәндері мен жекелеген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің (азық-түлік өнімдері, ЖЖМ және тұрғын үй-коммуналдық қызметтер) күтпеген өзгерісіне ұшырауы аясында инфляциялық күтулердің тұрақтанбауы тәуекелі де жоғары күйінде қалуда.

Қысқа мерзімді перспективада, әсіресе тауарлар мен көрсетілетін қызметтер ұсынысынан асатын ішкі сұраныспен ынталандырылатын жоғары айлық инфляция аясында неғұрлым жоғары сыртқы инфляцияның РФ-дан импорты тәуекелі де сақталуда. Сонымен бірге, азық-түліктің қысқа мерзімді күтілетін өсуіне қарамастан, сыртқы бағаның оған әсері импорты бөлігінде тәуекелдер әлемдегі жалпы төмендеу динамикасы мен жеткілікті ұсыныс салдарынан біршама төмендеді. Алайда, болашақта геосаяси шиеленістің күшеюі мен климаттың өзгеруіне байланысты әлемдік астықтың төмендеуі салдарынан әлемдегі логистикалық проблемалар аясында тәуекелдер артуы мүмкін. Бұл тәуекелдің сыртқы факторлары Қазақстандағы қолайсыз егін салдарымен бірге елдегі азық-түлік бағасының мейлінше тез өсуіне себеп болуы мүмкін.

Дамушы нарықтардан дамыған нарықтардың пайдасына капиталдың әкетілу тәуекелі әлі де жоғары. Әлемде тұрақты инфляциялық қысым сақталған немесе тіпті күшейген жағдайда, дамыған елдердің орталық банктері ұзақ уақыт бойы қатаң ақша-кредит шарттарын ұстап тұрады, бұл нарығы дамушы елдердің валюталарына теріс әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар сауда әріптес елдерге қатысты санкциялардың күшею тәуекелі жоғары болып отыр.

ЖІӨ-ге келетін болсақ, оны болжау үшін тәуекелдер кейінгі жылдардағы мұнай өндіру көрсеткіштері мен болашақ салық-бюджет саясатының параметрлеріне қатысты белгісіздікке байланысты.

6-график. Сараптамалық тәсілге негізделген тәуекелдер картасы



Дереккөзі: ҚРҰБ есептеуі

1.4. Төлем балансының ағымдағы шотының болжамы

Базалық сценарийге сәйкес 2024-2026 жылдары төлем балансының ағымдағы шоты тапшылық аймағында сақталады. Үш жылдық перспективада ағымдағы шоттың тапшылығы мұнай бағасының біртіндеп болжамды төмендеуіне және импорттың жоғары көлеміне байланысты болады.

Ағымдағы шоттың болжамды тапшылығы 2024 жылы ЖӨІ-ге қатысты (-)2,5%, 2025 жылы ЖӨІ-ге қатысты (-)1,5% және 2026 жылы ЖӨІ-ге қатысты (-)1,9% болады (7-график). Күтілетін динамика мына факторлардың салдары болады.

Тауарлардың экспорты мұнайдың құрамдас бөлігінің әсерінен қалыптасады. 2026 жылы мұнай бағасының бір баррель үшін 77 АҚШ долларына дейін біртіндеп сценарий бойынша төмендеуі ТШО-ның ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасы аяқталғаннан кейін мұнай өндіру көлемінің


ұлғаюымен теңестіріледі. Мұнайға қатысты емес экспорт металдар мен уранның болжамды жоғары бағасымен қамтамасыз етіледі.

Тауарлар импорты 2023 жылғы ең жоғары деңгейден жоғары қалыптасып, орта мерзімді перспективада бірқалыпты өседі. Импорттың жоғары көлемі оны қамту үшін ішкі өндірістің жеткіліксіз болу жағдайында халық пен бизнестің өсіп келе жатқан сұранысына, қазақстандық өндіріс тізбектеріндегі импортты құраушының елеулі үлесіне, сондай-ақ экономиканы қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламалар мен бастамаларды іске асыруға байланысты болады.

Кіріс балансының тапшылығы терең болып, шикізат экспортының динамикасын жалғастырады. Болжамды кезеңде мұнай бағасының төмендеуіне қарамастан, мұнай өндірудің өсуі тікелей шетелдік инвесторлар табысының едәуір көлеміне ықпал ететін болады. 2023 жылы шарықтау шегіне жеткен төлемге есептелген пайыздар 2024 жылғы 3-тоқсаннан бастап әлемдік пайыздық мөлшерлемелердің төмендейтіні күтілетініне байланысты қысқара бастайды.

Көрсетілетін қызметтер балансы тапшылығының сақталуына олардың экспортымен салыстырғанда қызметтер импортының мейлінше жоғары көлемі ықпал ететін болады. Көрсетілетін қызметтер экспорты елдің аумағы арқылы жүк транзиті, сондай-ақ бейрезиденттердің Қазақстанға жеке сапарлары есебінен өседі. Шетелге туристік ағын көлемінің едәуір артуына байланысты сапарлар көрсетілетін қызметтер импортының өсуіне негізгі драйвер болады.

7-график. Төлем балансының ағымдағы шоты



Дереккөзі: ҚРҰБ болжамы.

1-бокс. Дамушы елдердің сыртқы борышын салыстырмалы талдау

Сыртқы борыш (СБ) статистикасын талдаудың көбінесе теріс астары болуы мүмкін. Алайда, сыртқы борыштың тікелей қарыз алудан басқа шетелден капитал тартудың табиғи салдары екенін түсіну қажет.


Бұл ретте СБ оңтайлы деңгейі экономикалық даму дәрежесін, макроэкономикалық орнықтылықты, инвестициялық климатты, қарыз қаражатын жұмсау кезіндегі тиімділік пен транспаренттілікті қоса алғанда, көптеген факторлармен анықталады. СБ орнықтылығы мен оңтайлылығын анықтайтын әр түрлі көрсеткіштер бар. Объективті бағалау үшін оларды кешенді түрде қарастыру қажет.

Ең көп таралған және жай коэффициенттердің бірі – **ЖІӨ-ге СБ-ның** арақатынасы. Бұл көрсеткіш үшін шекті диапазон 60%-дан 100%-ға дейін өзгереді. Бұл ретте шекті деңгейден асатын мәндер әрдайым экономикада проблемалардың болуын білдірмейді, сол сияқты төмен деңгей де борыштың орнықтылығын білдірмейді.

Мәселен, 2023 жылдың қорытындысы бойынша Сингапур (398%), Норвегия (158%), Германия (151%), Канада (146%), АҚШ (95%) және Австралия (93%) сияқты ең дамыған елдер 60%-дық шегінен едәуір асып түсті (1-график). Алайда, бұл экономика құрылымының дамуына, төмен инфляцияға, валюта бағамының тұрақтылығына және макроэкономикалық саясаттың болжамды болуына байланысты инвестициялық тәуекелдердің бір қалыптылығына негізделген. Өз кезегінде Түркия (45%), ОАР (42%),

Перу (35%), Бразилия (34%), Мексика (33%) және Ресей (16%) сияқты елдерде байқалатын «СБ/ЖІӨ» коэффициентінің шекті деңгейден төмен деңгейі бағаның тез өсуіне, капитал нарықтарына қол жеткізудің қиындығына, санкциялық тәуекелдерге және басқа да құрылымдық проблемаларға байланысты инвесторлар үшін елдің шектеулі тартымдылығының салдары болуы мүмкін.

1-график. 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша ЖІӨ-ге қатысты сыртқы борыш




Дереккөзі: Дүниежүзілік Банк, ХВҚ, Refinitiv

2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан үшін ЖІӨ-ге қатысты СБ коэффициенті 62% болды. Алайда, көптеген басқа дамушы елдер сияқты Қазақстан үшін де борыштық орнықтылықтың ең айқын көрсеткіші **фирмааралық берешекті (ФАБ) есепке алмағанда ЖІӨ-ге қатысты СБ арақатынасы** болып табылады.

ФАБ ең аз тәуекелді болып саналады, өйткені үлестес тікелей инвесторлар өзіне бизнес жүргізуге байланысты тәуекелдерді алады. Қазақстанда СБ-ның шамамен 60%-ы ФАБ-қа тиесілі. Мұндай елеулі үлес 1990 жылдардан бастап экономиканың шикізат секторына ірі тікелей инвестициялардың әкеліну салдары болып табылады. Нәтижесінде 2023 жылдың қорытындысы бойынша ФАБ есептемегенде ЖІӨ-ге қатысты СБ арақатынасы 27% болды (2-график).

2-график. 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша ЖІӨ-ге қатысты (ФАБ есептемегенде) сыртқы борыш




Дереккөзі: Дүниежүзілік Банк, ХВҚ, Refinitiv

Жалпы алғанда мемлекеттің қаржылық тұрақтылығын бағалау үшін **ЖІӨ-ге қатысты мемлекеттік сектордың СБ** маңызды және көрсеткіштік индикатор болып табылады. Бұл көрсеткіштің жоғары мәні экономикадағы теңгерімсіздіктердің жинақталуы, елге сыртқы күтпеген өзгерістердің әсері, мемлекеттік қаржыны басқарудың тиімсіздігі және соның салдарынан дефолт тәуекелінің артуы туралы белгі бере алады.

Қазақстанның мемлекеттік секторының СБ басқа елдермен салыстырғанда салыстырмалы түрде төмен және шамамен 5%-ды құрайды (3-график). Бұл Бразилия (10%), Сауд Арабиясы (11%), Мексика (13%), Чили (15%), Колумбия (22%), Грузия (31%) және Қырғызстан (37%) сияқты кейбір дамушы елдердің көрсеткіштерінен төмен.

3-график. 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша ЖІӨ-ге қатысты мемлекеттік сектордың сыртқы борышы




Дереккөзі: Дүниежүзілік Банк, ХВҚ, Refinitiv

Мемлекеттік қарыз алудың барабарлығын бағалау кезінде **мемлекеттік сектор СБ-ның оның активтеріне** көрсеткіші де қаралады. Мемлекеттің активтерінде көбінесе елдің тәуелсіз қорлары мен алтынвалюта резервтері қамтылады. Көрсеткіштің жоғары мәні дефолттың тәуелсіз тәуекелін жабу үшін капитал бұферінің жеткіліксіздігін көрсетеді, ал төмен мән мемлекеттің төлемге қабілеттілігінің көрсеткіші болып табылады.

Қазақстанда мемлекеттік сектор СБ-ның мемлекет активтеріне арақатынасы 2023 жылы 15%-дық басқарылатын деңгейде болды, бұл ҚРҰҚ-ның болуымен түсіндіріледі (4-график). Көрсеткіштің мәнін Норвегиямен салыстыруға болады (9%), онда тәуелсіз мұнай қоры да жұмыс істейді. Алайда, Норвегияда тәуелсіз қордың қаражатын басқару мен пайдалануға қатаң көзқарас дамыған мемлекет деңгейі үшін арақатынасты оңтайлы етеді.


4-график. 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша мемлекеттік сектордың активтеріне қатысты мемлекеттік сектордың сыртқы борышы



Дереккөзі: Дүниежүзілік Банк, ХВҚ

Үкіметтің 2023 жылдың соңындағы жалпы борышы 24,9 трлн теңгені (ЖІӨ-ге 20,7%) құрады, оның 28%-ы СБ-ға тиесілі. Салыстырмалы түрде тұрақты көрсеткіштерге қарамастан, соңғы уақытта Үкіметтің таза қаржылай активтері (Үкіметтің жалпы борышын шегергендегі ҚРҰҚ активтері) қысқарды. Мәселен, 2023 жылдың қорытындысы бойынша Үкіметтің таза қаржылай активтері – 4,2 трлн теңге (ЖІӨ-ге 3,5%), ал 2016 жылы 17 трлн теңге (ЖІӨ-ге 32%) болды.

Қаралған көрсеткіштерге сәйкес Қазақстанның сыртқы борышы салыстырмалы түрде қолайлы деңгейде. Алайда, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және сыртқы қарыздарды шамадан тыс ұлғайту тәуекелдерін азайту мақсатында борышты басқару саясатында сандық қана емес, сонымен қатар сапалық параметрлерге де назар аударылуы керек. Ұзақ мерзімді макроэкономикалық орнықтылық үшін тартылатын сыртқы борыш тиімді, ұтымды жұмсалуды және экономиканы әртараптандыру бойынша перспективалы жобаларға бағытталуы тиіс.



АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ

II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ

2.1. Ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігі



2.1.1. Пайыздық арна

Ақша-кредит шарттары проинфляциялық тәуекелдердің сақталуы аясында бір қалыпты қатаң болып қалды. Валюталық арна бойынша және ішінара пайыздық арналар бойынша дезинфляциялық серпін байқалады. Бұл ретте депозиттер мен кредиттер бойынша мөлшерлемелер көбінесе бизнесті кредиттеу бөлігінде базалық мөлшерлеменің белгісін көрсетеді. Халық үшін кредиттердің құны цифрландыру, жоғары пайыздық маржа жағдайында тұтынушылық кредиттеуге және ипотекалық нарықтағы жеңілдікті бағдарламаларға қол жеткізудің артуына байланысты базалық мөлшерлеменің өзгеруі халыққа арналған кредиттердің құнына әсер етеді. Бір қалыпты қатаң ақша-кредит саясатына қарамастан, бизнесті кредиттеудің белсенді өсуі байқалады, ал тұтынуға тұтынушылық кредиттеудің кеңеюі қолдау көрсетіп отыр.

Ақша нарығының мөлшерлемелері Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі дәлізінің төменгі шегінен төмен қалыптасуда. ҚРҰБ құралдар жүйесіне өзгерістер енгізілгеннен кейін TONIA ақша нарығының мөлшерлемесі мерзімді түрде базалық мөлшерлеме дәлізінің шегінен тыс болды (8-график). Бұл жағдайда TONIA мен базалық мөлшерлеме арасындағы спрэд осы жылғы ақпан-сәуір айларында орташа алғанда (-) 0,9 п.т. деңгейінде қалыптасты (2023 жылғы ақпан-сәуір – (-)0,2 п.т.). Құралдар жүйесіне енгізілген өзгерістерді іске асыру TONIA мөлшерлемесін неғұрлым нарықтық етіп қалыптастыруға бағытталған.

Қысқа және орта мерзімді сегменттердегі МБҚ кірістілігінің төмендеуі жалғасты. Кірістілік қисығы пішінінің өзгеруі байқалады. Биылғы жылғы қаңтармен салыстырғанда мерзімі 1 жылға дейінгі МБҚ кірістілігінің айтарлықтай төмендеуі байқалды. Мейлінше ұзақ мерзімді кезеңдегі кірістілік қисығының пішіні стандартты (қалыпты) бола бастады (9-график). Биылғы жылғы сәуірде наурыз айымен салыстырғанда кірістілік қисығы 12 сәуірде базалық мөлшерлеменің сақталуы аясында жоғары қарай жылжыды. Сонымен бірге макро пікіртерім нәтижесі инфляцияның және базалық мөлшерлеменің мейлінше баяу төмендеу қарқыны күтілетінін көрсетеді. Мәселен, ақпанмен салыстырғанда биылғы жылғы сәуір және мамыр айларындағы пікіртерім нәтижелері бойынша мөлшерлеме бойынша жоғары күтулер байқалады.

8-график. Пайыздық мөлшерлеме дәлізі және TONIA мөлшерлемесі




Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚҚБ

Базалық мөлшерлеменің өзгеруінен кейін заңды тұлғалардың депозиттері бойынша мөлшерлемелер төмендеп, жеке тұлғалар депозиттері бойынша өзгерген жоқ. Заңды тұлғалардың теңдегі депозиттері бойынша мөлшерлемелер базалық мөлшерлеменің төмендеуіне мөлшерлес өзгерді (осы жылдың басынан бастап 0,9 п.т. төмендеді). Бұл ретте жеке тұлғалардың депозиттері бойынша орташа кірістілік өзгерген жоқ (10-график), алайда, әр түрлі мерзімдегі мөлшерлемелердің динамикасы біртекті сипатта болған жоқ. Мәселен, мерзімді салымдарды тартудың негізгі үлесі (халықтың барлық тартылған салымдарының 2/3 астамы) тиесілі орта мерзімді және ұзақ мерзімді депозиттер (3 айдан 1 жылға дейін және 1 жылдан 5 жылға дейін) бойынша мөлшерлемелердің төмендегенін көрсетті. Базалық мөлшерлеменің жеке тұлғалардың салымдарының мөлшерлемелеріне әсер етуінен басқа, депозиттік нарықта нарықтық баға белгілеуді дамытуға бағытталған ҚДКҚ³ тарапынан мөлшерлемелерді реттеудің жаңа тетігін енгізу әсер етті. Осы тетікке сәйкес ҚДКҚ-ның ұсынылатын шекті мөлшерлемелері өтімділік тәуекелдеріне барынша бейім банктердің белгілі бір санаты үшін ғана белгіленеді. Бұл ретте банктер жүйелік тәуекел үшін жарнаны банктің мөлшерлемесі мен орташа алынған нарықтық мөлшерлеме арасындағы спрэдке байланысты төлеуге міндетті.


Базалық мөлшерлеменің өзгеруін бизнеске кредиттер құнына беру байқалады. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында бизнеске кредиттердің баға шарттары біртіндеп жеңілдетілгенін көрсетті.

Корпоративтік *кредиттік мөлшерлемелер*. Базалық мөлшерлеmeden кейін бизнеске теңгемен кредиттер бойынша орташа өлшенген мөлшерлеме наурызда 19,3%-ға дейін төмендегенін көрсетті (11-график). Кредиттік шарттардың жеңілдетілгені негізінен орта және ірі кәсіпкерлік кредиттері бойынша байқалды. Кредиттеу бойынша банктерге жүргізілген пікіртерім⁴ де мөлшерлемелерді төмендету есебінен барлық кәсіпкерлік субъектілері үшін шарттардың жеңілдегенін растайды.

10-график. Ұлттық валютадағы депозиттер бойынша мөлшерлемелер, %



11-график. Ұлттық валютадағы кредиттер бойынша мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚРҰБ

Бөлшек кредиттік мөлшерлемелер. Тұтынушылық кредиттерді берудегі бөліп-бөліп төлеудің жоғары үлесі кредиттік мөлшерлемелердің қалыптасуына айтарлықтай әсер етуді жалғастыруда. Демек базалық мөлшерлеменің өзгеруі іс жүзінде оларға әсер ептейді –

³ Толығырақ ҚДКҚ сайтында: <https://www.kdif.kz/press-tsentr/press-relizy/s-yanvaryya-2024-goda-izmenitsya-regulirovanie-stavok-po-depozitam-fizicheskikh-lits/>

⁴ 2024 жылғы 1-тоқсандағы кредиттеу бойынша банктер арасында жүргізілген пікіртерім: <https://nationalbank.kz/ru/news/predydushchie-publikacii-opros/rubrics/2213>

тұтынушылық кредит мөлшерлемесі жыл басынан бастап наурыз 19,2%-ға дейін өсті (11-график). Ипотека мөлшерлемесі банктердің ипотекалық портфеліндегі жеңілдікті бағдарламалардың жоғары үлесінің сақталуына байланысты базалық мөлшерлемеден төмен қалуды жалғастыра отырып, бұрынғы деңгейден айтарлықтай ауытқыған жоқ.

2.1.2. Кредиттік арна және депозиттер (әл-ауқат арнасы)


Кредиттік арна іскерлік белсенділіктің өсуіне және тұтынушылардың сұранысын арттыруға ықпал етті. Биылғы жылғы наурызда банктердің кредиттік портфелі халыққа берілген кредиттердің өсуін жеделдету және бизнесті кредиттеудің біршама ұлғаюы аясында жоғары өсу қарқынын (23,9% ж/ж) сақтап қалды (12-график).

Халыққа берілетін кредиттер, қолма-қол ақша шарттарының сақталуына қарамастан, тұтынушылық сұраныстың проинфляциялық әсерін сақтай отырып, жоғары қарқынмен өсуді жалғастыруда. Өсудің ұзақ баяулауынан кейін ипотекалық кредиттеу динамикасы «Отбасы Банкінің» төмен базасы мен кредиттеудің жандануына байланысты биылғы жылғы наурызда қалпына келу белгілерін көрсетті (өсу қарқыны ж/ж 15,3%-ға дейін). Өсіп келе жатқан тұтынушылық кредиттер (наурызда ж/ж 37,9%-ға дейін) бөліп төлеудің кең таралуы, қаржылық қызметтің жеделдетілген цифрландыруды және жоғары инфляциялық күтулер аясында базалық мөлшерлеменің инфляциялық әлеуетін тежеуді жалғастыруда. Бұл ретте банктерге жүргізілген пікіртерім әріптес-автосалондар есебінен ішінара субсидияланатын акциялық өнімдердің көпшілігінің аяқталуына байланысты автокредитке сұраныстың төмендегенін көрсетеді.


Бизнесті кредиттеудің жоғары белсенділігі сақталуда.

Корпоративтік кредиттеудің өсуі цифрландыру талаптарында экономикалық агенттерді кредиттік өнімдермен қамтуды кеңейту, кредиттер бойынша мөлшерлемені төмендету және мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қаржыландыруды қайта бастау есебінен жоғары деңгейде (наурызда ж/ж 16,2%-ға өсу) сақталды. Жалпы, экономиканың барлық негізгі салаларында және кәсіпкерлік субъектілерінің барлық түрлері бойынша оң динамика байқалды. Кредиттік нарық бойынша банктерге жүргізілген пікіртерім кәсіпкерлік субъектілері, негізінен ірі және орта бизнес тарапынан кредиттерге сұраныстың артқанын көрсетті.

12-график. ЕДБ-дан экономикаға берілетін кредиттер (портфель), ж/ж, %



13-график. Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттері, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

Жинақтау дағдысы артуда Тежеуші ақша-кредит шарттары экономикалық агенттердің (депозиттік ұйымдардағы депозиттер) теңгедегі жинақтарын арттыруға ықпал етті (13-график). Теңгемен депозиттік базаның кеңеюі негізінен жеке тұлғалардың есебінен орын

алды, бұл ретте заңды тұлғалардың салымдары бойынша да айтарлықтай өсу байқалды. Шетел валютасындағы депозиттер негізінен төмен мөлшерлемелерге байланысты салымдардың «әкетілуі» есебінен төмендеді.

Депозиттерді долларландыру ең төменгі тарихи деңгейде төмендеуді жалғастырды.

Биылғы жылдың басынан бастап жалпы долларландырудың төмендеу үрдісінің сақталуына ұлттық және шетел валюталарында мөлшерлемелердің жоғары дифференциалын сақтау есебінен жеке тұлғалардың салымдары бойынша төмендеуі, ұлттық валютаға деген сенімнің артуы және айырбастау бағамының екіжақты құбылмалылығы ықпал етті. Сәуірде заңды тұлғалардың депозиттерін долларландыру 2023 жылғы желтоқсандағы деңгейде сақталды.

2-бокс. Кредит беру көлемінің экономикалық белсенділікке әсерін бағалау


Ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігін (ТМТ) талдауды жалғастыру шеңберінде бизнеске және халыққа кредиттер беру көлемінің экономикалық белсенділікке әсерін бағалау жүргізілді.

Теорияда кредит арнасы пайыздық арнамен тығыз байланысты және көптеген елдерде ақша беру механизмінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Төмен мөлшерлемелер кредиттеу көлемінің өсуін ынталандырады, бұл инвестициялық және тұтынушылық сұраныстың артуына ықпал етеді, бұл нәтижесінде іскерлік белсенділіктің кеңеюіне әкеледі.

ТМК тиімділігін талдау үшін 2009 жылғы 3-тоқсан – 2023 жылғы 4-тоқсан аралығындағы тоқсандық деректер (әлемдік-қаржылық дағдарыстан кейінгі экономиканың дағдарыстан кейінгі дамуынан бастап) негізінде құрылымдық векторлық авторегрессия (SVAR) модельдері пайдаланылды. Кредиттеудің үш түрінің әрқайсысы үшін үш модель жасалды: бизнес, ипотека және тұтынушылық. Модельде эндогендік айнымалылар ретінде кредиттеудің тиісті түрлерін беру көлемі, олардың мөлшерлемелері, нақты ЖІӨ және теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамы енгізілді. Экзогендік айнымалы ретінде Brent мұнай бағасы енгізілді. Модельге қосымша эндогендік және экзогендік айнымалылардың қосылуы оның құрылымын қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты. Уақыт қатарлары маусымдықтан тазартылды (егер ресми тест маусымдықтың болуын көрсетсе) және көрсеткіштер динамикасында аса құбылмалылықты реттеу үшін Ходрик-Прескотттың бір лямбда іріктегіші қолданылды. SVAR моделіне шектеулер енгізу үшін негіздеме ретінде Грэйнджердің себептілік сынағының нәтижелері пайдаланылды. Экономикалық белсенділікті кредиттеу көлемінен трансмиссия тізбегінің сандық бағасын түсіну үшін импульстік жауаптардың нәтижелері пайдаланылды.

1. Бизнесі кредиттеу. Тұтынушылық және ипотекалық кредиттеумен қатар, модельдеу нәтижелері қысқа мерзімді аралықта бизнесі кредиттеудің нақты ЖІӨ-ге қалыпты оң әсерінің сақталуын көрсетеді. Мәселен, бизнеске кредиттеудің 1 пайыздық тармаққа өсуі күтпеген өзгерістен кейінгі екі жыл ішінде нақты ЖІӨ-нің **0,10 пайыздық тармаққа** біртіндеп өсуіне әкеледі (1-график).

1-график. Нақты ЖІӨ-нің күтпеген өзгерістің 1 пайыздық тармағына жинақталған импульстік жауаптары халыққа (тұтынушылық және ипотекалық кредиттер үшін бөлек) және бизнеске кредит берудегі өзгерістер



2. Халыққа арналған кредиттер. Банктік кредиттеу арнасының әсерін бағалау шеңберінде тұтынушылық кредиттер мен ипотекалық кредиттердің экономикалық белсенділікке жеке әсері қарастырылды.

2.1. Тұтынушылық кредиттер. Тұтынушылық кредитінің нақты ЖІӨ мөлшеріне әсері халықтың тауарлар мен қызметке төлем жасауға қабілетті сұранысын ынталандыру арқылы жүзеге асырылады, бұл өз кезегінде жиынтық сұранысты белсендіреді.

Модельдеу нәтижелері тұтынушылық кредиттеудің оң күтпеген өзгерісіне жауап ретінде нақты ЖІӨ-нің біртіндеп өсуін көрсетеді. Импульстік жауапқа сәйкес, тұтынушылық кредиттеудің 1 пайыздық тармақ мөлшерінде өзгеруінің оң күтпеген өзгерісі одан кейінгі екі жыл ішінде нақты ЖІӨ-нің 0,06 пайыздық тармаққа жинақталған өсуіне әкеледі (1-график).

2.2. Ипотекалық кредиттеу. Ипотекалық кредиттеудің күтпеген өзгерісінің әсері бойынша модельдеу нәтижелері тұтынушылық кредиттеумен салыстырғанда нақты ЖІӨ-ге барынша айқын қысқа мерзімді әсердің болуын көрсетеді, бұл ретте кейіннен қысқа мерзімді әсерді іске асырғаннан кейін тұтынушылық кредиттеумен салыстырғанда әсер етуі әлсірейді. Нәтижесінде 1 пайыздық тармақ ипотекалық кредиттеудің өсуіндегі күтпеген өзгеріс одан кейінгі екі жыл ішінде нақты ЖІӨ-нің 0,04 пайыздық тармаққа жинақталған өсуіне әкеледі (1-график).

Бағалау нәтижелері бизнеске де, халыққа да кредит берудің ұлғаюы инвестицияларды ынталандыру, тұтынушылық сұранысты арттыру және тұрғын үйге қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы экономикалық белсенділікке оң әсер ететінін көрсетті.

Бір жағынан, бизнесті кредиттеу кезінде кәсіпорындар қарыз қаражатын одан әрі инвестициялау мақсатында пайдаланады, бұл ұзақ мерзімді перспективада өндіріс процесінің жақсаруына әкеледі және оның кеңеюіне ықпал етеді. Алынған кредиттік қаражатты бизнес материалдарды, қажетті техниканы және т.б. сатып алуға жұмсайды, бұл экономиканың басқа сабақтас салаларының дамуын одан әрі ынталандырады және мультипликативтік әсер жасайды. Өз кезегінде, тұтынушылық кредиттеу тауарлар мен қызметтерге сұранысты ынталандырады, бұл өндірістің жиынтық көлемін арттырады және шағын бизнестің белсенді дамуына ықпал етеді. Сондай-ақ, ипотекалық кредиттеу құрылыс саласының белсенді дамуына тікелей әсер етеді, оның өсуі жұмыс орындарын құруға, құрылысқа іргелес салалардағы қызметті жандандыруға ықпал етеді және отандық өндіріс өнімдеріне сұраныс тудырады. Осылайша, әр түрлі арналар арқылы кредиттеудің барлық түрлері елдің экономикалық белсенділігіне әсер етеді.

Екінші жағынан, экономикадағы қарыз қаражатының ұлғаюы импорттық тауарлар мен жылжымайтын мүлікке деген сұранысты одан әрі арттырады, бұл кредит көлемінің ұлғаюының нақты ЖІӨ өсуіне мультипликативтік әсерін шектейді. Мәселен, қарыз қаражатының бір бөлігі Қазақстанда көптеген тауарлар бойынша өндірістің ішкі толық циклінің болмауына байланысты импорт арқылы тұтынушылық сұранысты қанағаттандыру үшін пайдаланылады. Сондай-ақ, тұрғын үйге деген сұраныс құрылыс қызметін жүзеге асыру үшін импорттық материалдарды жеткізу көлемінің өсуіне алып келеді. Сонымен қатар, ипотекалық кредиттеудің белсенді өсуі (оның ішінде нарықтық мөлшерлемелерден төмен болғандықтан) жылжымайтын мүлік нарығында артық сұраныс пен шамадан тыс болуына және кейіннен тұрғын үй бағасының одан әрі өсуіне әкеледі. Нәтижесінде бұл халықтың қарызға қызмет көрсету шығындарының өсуіне және кейіннен қолда бар кірістер мен халықтың әл ауқатының төмендеуіне әкелуі мүмкін.


Осылайша, алынған бағалауларға сәйкес кредиттеу көлемінің экономикалық өсуге орташа әсерін атап өтуге болады. Бұл ретте «аса қатты» әсердің болмауы кредит беру көлемінің қысқа мерзімді өсуін ынталандыру жиынтық сұраныстың кейіннен төмендеуімен, инфляцияның өсуімен, тұрғын үйге қолжетімділіктің төмендеуімен және халықтың ипотека бойынша борышқа қызмет көрсетуге арналған шығыстарының өсуімен қатар жүретіндігімен байланысты.

2.1.3. Валюта арнасы

Айырбастау бағамы арнасы инфляцияға тежеуші әсер етеді.

Биылғы жылғы қаңтар-сәуірде мұнай бағасының өсуі, республикалық бюджетке трансферттер жіберу үшін валюта конвертациясы, сондай-ақ қаңтар және ақпанда шетел валютасына сұраныстың маусымдық төмендеуі аясында АҚШ долларына теңгенің 2,8%-ға нығаюы жалғасты (14-график).

14-график. Ірі қатысушылардың шетел валютасын сату мен сатып алудағы үлесі, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ


2.2. Ақша массасы

Теңгедегі ақша массасы кредиттеу мен бюджеттік операциялардың белсенді өсуі есебінен жоғары қарқынмен өсуін жалғастыруда.

Теңгедегі ақша массасы өсуінің жоғары қарқыны сақталуда (сәуірде ж/ж 22,1%-ға өсу), бұл ретте жалпы ақша массасы барынша қалыпты өсуді көрсетті (15-график).


Ақшалай ұсыныстың кеңеюі негізінен кредиттеумен және бюджет тапшылығын қаржыландыру шеңберінде Үкіметтің қарыз алуының біршама өсуімен (өткен жылмен салыстырғанда) қамтамасыз етілді. Мәселен, қаңтар-сәуірде МБҚ-ның бастапқы нарығындағы мәмілелер көлемі жылдық мәнде 33,6%-ға өсті, бұл ретте биылғы жылғы МБҚ-ны орналастырудың ең жоғары көлемі қаңтарға тиесілі болды және биылғы жылға жоспарланған шығарылым көлемінің шамамен 20%-ын құрады. Кейінгі айларда көлемдер барынша қалыпты болды (16-график).

15-график. Ақша массасы, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ, КФБ

16-график. МБҚ бастапқы нарығындағы мәмілелер көлемі, млрд теңге





МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

III. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

3.1. Сыртқы сектор

Өңдеу өнеркәсібі мен көрсетілетін қызметтердегі жаһандық іскерлік белсенділіктің жоғары пайыздық мөлшерлемелер мен инфляцияға төзімділігі жалғасуда.


Көрсетілетін қызметтердегі іскерлік белсенділік кеңінен тарап барады. Осы жылғы сәуірде жаңа тапсырыстар, өндіріс және жұмыспен қамту көлемінің өсу көрсеткіштерінің төмен болуы аясында өңдеу өнеркәсібіндегі белсенділіктің біршама баяулағаны байқалады. Жаңа экспорттық тапсырыстар динамикасында жоғары импульс байқалады (17-график). ЕО-да өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс қысқарып барады. Ресейде ең жоғары тарихи шегіне жетуіне қарамастан, өңдеу секторындағы белсенділіктің баяулағаны байқалады. Қытайда іскерлік белсенділік бұрынғы қарқынымен өсуде.

Көптеген елдерде инфляция ең жоғары шегінен өтті. Дамыған елдерде көрсетілетін қызметтер бағаның өсуіне түрткі болды, дамушы елдерде баға бірқалыпты өсуде. Базалық инфляция барлық жерде баяулады, бірақ таргеттен жоғары болып қалады.


2024 жылғы наурызда дамыған және дамушы елдерде жалпы инфляция 2022 жылғы қаңтардан бастап байқалған ең жоғары мәндерден едәуір бәсеңдеді. Баяулау энергия бағасының төмендеуі аясында, сондай-ақ жүргізілген қатаң монетарлық саясат салдарынан болды (18-график).

2024 жылғы наурызда Ресейде инфляция 7,7% (ж/ж) болды, бағаның қатты өсуі көрсетілетін қызметтер мен азық-түлік тауарлары бойынша тіркелді. ЕО-дағы жылдық инфляция 2,6% болды, көрсетілетін қызметтер бағаның өсуінің басты себебі болып қалады. Қытайда тұтынушылардың әлсіз сұранысы тұтыну бағасының өсуін төмен деңгейде ұстап тұр.

17-график. Жаһандық іскерлік белсенділік *



18-график. 2024 жылғы наурыздағы елдер бойынша жалпы инфляцияның динамикасы, ж/ж



Дереккөзі: PMI by S&P Global, Ұлттық статистика қызметтері

* Индекстің 50-ден жоғары мәні көрсеткіштің өскенін, 50-ден төмен мәні - төмендегенін, 50-ге тең мәні - өзгермейтіндігін білдіреді

Дамыған елдер саясатты жеңілдетуге асықпайды. Дамушы елдер инфляцияның таргетке жетуі/жақындауы аясында мөлшерлемелерді белсенді түрде төмендетуде.

Осы жылғы сәуірде әлемнің ірі орталық банктері мөлшерлемелерді жоғары деңгейде тұрақты түрде сақтап қалды. Дамушы елдерде валюталарының құнсыздануына қарамастан саясатты жеңілдетуді жалғастырды.


2024 жылдың басынан бастап ОПЕК+ елдерінің ағымдағы жылғы екінші тоқсанның соңына дейін мұнай өндіруді қысқарту жөніндегі келісімін ұзартуына, сондай-ақ Таяу Шығыстағы геосаяси шиеленіске байланысты әлемдік мұнай нарығында өсу үрдісі басым болды.

Ағымдағы жылдың басынан бастап 2024 жылғы сәуірде орташа алғанда Brent маркалы мұнайдың әлемдік бағасының барреліне 90 АҚШ долларына дейін өскені байқалады. (19-график). Бағаның өсуі негізінен Таяу Шығыстағы, атап айтқанда Қызыл теңіз аймағындағы геосаяси шиеленістің өсуіне байланысты болды. Сонымен қатар, осы жылғы наурызда ОПЕК+ елдері 2024 жылғы екінші тоқсанның соңына дейін тәулігіне 2,2 млн баррель көлемінде мұнай өндіруді өз еркімен қысқарту туралы келісімді ұзартты, бұл Brent маркалы мұнай бағасын белгілеуге қосымша ынталандыру әсерін тигізді.


2024 жылғы бірінші тоқсанда дәнді дақылдардың әлемдік бағасының төмендеуі бидай мен жүгерінің бірқалыпты ұсынылуына байланысты болды. Сонымен қатар, ағымдағы жылғы сәуірде ЕО, Ресей және АҚШ-тағы қолайсыз ауа райы бидайдың әлемдік экспорттық бағасының өсуіне ықпал етті. 2024 жылғы сәуірде жүгерінің қымбаттауы логистикалық проблемаларға және Бразилияда егін жинаудың төмендеуіне байланысты болды.

ФАО-ның⁵, мамыр айындағы баяндамасына сәйкес, ағымдағы астық қоры (б.ж. сәуір) өткен жылдың көрсеткіштерінен 2,1%-ға артық. Сонымен қатар, 2024 жылғы наурыз айымен салыстырғанда астық қоры 0,5%-ға төмендеді, бұл Ресейдегі қолайсыз ауа-райына байланысты. Бұл ФАО-ның 2024 жылғы сәуірдегі астық индексінің 0,3%-ға а/а өсуіне (18,8%-ға ж/ж төмендеуіне) алып келді (20-график).

19-график. Brent маркалы мұнай бағасының динамикасы, \$/баррель



20-график. Дәнді дақылдардың ФАО индексі, 2014-2016 = 100



Дереккөзі: EIA, UN FAO

3-бокс. Қазақстан экономикасы үшін «Еуропалық жасыл бағытты»⁶ іске асыру тәуекелдері

ЕО Қазақстанның негізгі сауда әріптестерінің бірі болып табылады. 2023 жылы Қазақстанның сыртқы саудасының жалпы көлемінің 30%-дан астамы және номиналды мәнде Қазақстанның бүкіл экспортының 40,3%-ы ЕО елдерінің үлесіне тиесілі болды. ЕО елдеріне Қазақстан экспортының құрылымында әдеттегідей минералдық өнімдер басым болып келеді.


ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша 2023 жылы ЕО-ға шикі мұнай мен мұнай өнімдерінің экспорты 27,7 млрд АҚШ долларын құрады (ЕО-ға Қазақстан экспортының жалпы көлемінің

⁵ <https://www.fao.org/worldfoodsituation/foodpricesindex/ru/>

⁶ [The European Green Deal](#)


89%-ы және бүкіл мұнай экспортының 65%-ы). Жалпы ЕО мұнай импорты төмендеген пандемиядан кейінгі кезеңді қоспағанда, соңғы 10 жылда ЕО елдерінің мұнай импортындағы Қазақстанның үлесі қарқынды түрде ұлғайды. 2013-2022 жылдары ЕО шикі мұнай импортындағы Қазақстанның үлесі орта есеппен 7,3% болды (1-график). Қазақстан ЕО-ның тұрақты сауда әріптесі болып қалады, оған логистикалық инфрақұрылымның да ықпалы бар. ЕО-ға мұнай экспортының едәуір бөлігі Каспий Құбыр желісі консорциумының (КҚК) құбыржолдары арқылы тасымалданады. ЕО елдері арасында Қазақстан мұнайын негізгі алушылар – Италия, Нидерланды және Франция (2-график, 1-сурет).

1-сурет. Орташа алғанда 2013-2023 жылдардағы Қазақстаннан ЕО-ға шикі мұнай мен мұнай өнімдерінің экспорты, мың тонна




Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ деректері негізінде құрастырылған

1-график. ЕО елдерінің шикі мұнай және мұнай өнімдері импортының динамикасы және Қазақстанның ЕО импортындағы үлесі



Дереккөзі: Eurostat

2-график Қазақстаннан ЕО-ға шикі мұнай және мұнай өнімдері экспортының динамикасы, млн тонна



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Сонымен қатар, климаттың өзгеруінен қауіп-қатердің өршуіне байланысты ЕО 2020 жылы қабылданған Еуропаның Климат туралы заңы аясында экономиканы

декарбонизациялау және трансформациялау стратегиясын («Еуропалық жасыл бағыт») әзірледі. 2050 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу мақсатында Стратегия шеңберінде өнеркәсіпте инновацияларды енгізу, инвестициялық саясатты экологиялық таза технологияларға ауыстыру жағына қарай қайта қарау, сондай-ақ энергетика саласында көмірсутектерді пайдаланудан толық бас тарту жоспарлануда. Энергия ресурстарына сұраныстың төмендеуіне байланысты бұл шаралар жалпы жаһандық экономиканың дамуына әсер етуі және шикізатты экспорттайтын елдерге, оның ішінде Қазақстанға қауіп тудыруы мүмкін.

Қазақстан экономикасының мұнай өндіру мен экспортына тәуелділігі жоғары. 2019-2023 жылдары елдің республикалық бюджетіндегі мұнай кірісінің үлесі орта есеппен 40%-дан асады. Климат жөніндегі саясаттың өзгеруіне байланысты ЕО-да мұнай мен мұнай өнімдерін сатудың төмендеуі Қазақстанның экспорттық кірісін төмендетуі және орта және ұзақ мерзімді перспективада ішкі сұраныстың ағымдағы деңгейлерін сақтай отырып, номиналды валюта бағамына қысым жасауы мүмкін. Бұл өз кезегінде инфляцияға әсер етеді.

Сонымен қатар, ЕО инвестициялық стратегиясының өзгеруі Қазақстандағы инвестициялық белсенділікке теріс әсер етуі мүмкін. Орта есеппен алғанда 2019-2023 жылдары Қазақстанға жалпы тікелей шетелдік инвестициялар құрылымында ЕО-ның үлесіне 42,6%-ы тиесілі. Қазақстандағы өндірістік процестің жоғары энергия сыйымдылығы және жоғары сапада қайта өңделген тауарлардың экологиялық таза өндірісінің төмен үлесі елдің инвестициялық тартымдылығын төмендетуі мүмкін.

ЕО-ның «Еуропалық жасыл бағыт» контекстінде Қазақстан экономикасы үшін тәуекелдер тек мұнай секторында ғана емес, орта мерзімді перспективада да орын алуы мүмкін. Мәселен, 2026 жылдан бастап ЕО елдері трансшекаралық көміртекті реттеуге⁷ көшуді жоспарлап отыр, бұл ЕО-ға кірмейтін елдерде экологиялық өнеркәсіптік өндіріске ықпал етеді. Көміртегі шығарындыларына салынатын жаңа салық б өнеркәсіптік саласында (қара металдар мен алюминий, цемент, тыңайтқыштар, сутегі және электр энергиясын өндіру) ұсынылған экспорттық өнімдерге қолданылады.

Бұл тәуекелдер Қазақстанның экспорттық өнімін өткізу бойынша нарықтар мен логистикалық мүмкіндіктерді әртараптандыру, сондай-ақ әлемдік бағаның ауытқуына және шикізатқа сұраныстың тәуелділігін төмендету үшін экономика құрылымын әртараптандыру жөніндегі шараларды жалғастыру бойынша міндеттер қояды.

3.2. Ішкі сектор

Экономикадағы ішкі сұраныс тұрақты болып қалады. 2023 жылы күрт өскеннен кейін ағымдағы жылғы бірінші тоқсанда бөлшек тауар айналымының өсу қарқыны пандемияға дейінгі деңгейге жетті.

2024 жылғы қаңтар-сәуірде азық-түлікке жатпайтын тауарларды өткізу көлемінің айтарлықтай баяулауы аясында бөлшек сауданың өсуі 5,2%-ға ж/ж дейін баяулады. Сонымен қатар, осы жылғы ақпаннан бастап азық-түлік тауарларымен бөлшек сауданың қалпына келгені байқалады (21-график). Тұтынушылық кредит берудің жоғары өсу қарқыны және нақты жалақының өсуі тұтынушылық сұранысқа қолдау көрсетеді. Мәселен, 2024 жылғы бірінші тоқсанда нақты жалақының өсуі 2,7% ж/ж болды, тұтынушылық кредиттеу нақты мәнде 32,1%-ға ж/ж ұлғайды (22-график).


⁷ [Carbon Border Adjustment Mechanism](#)

21-график. Бөлшек тауар айналымы, %-бен ж/ж




Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері

22-график. Жалақы мен тұтынушылық кредиттеу динамикасы, %-бен ж/ж




2023 жылдың қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметтер экспортының, атап айтқанда жеке мақсаттағы сапарлардың ұлғайғаны байқалады, бұл жекелеген елдермен виза режимінің жеңілдетілуі аясында Қазақстанға келетін туристер санының артуына байланысты болуы мүмкін (23-график). Бұл өз кезегінде тұтынушылардың сұранысына қолдау көрсетті. 2024 жылғы бірінші тоқсанда әуе және теміржол көлігімен тасымалданатын жолаушылар саны өсіп, жолаушыларды әуе арқылы тасымалдау ең жоғары тарихи мәндерге жетті (24-график).

23-график. Қызметтер экспорты (сапарлар), SA, млн АҚШ доллары



24-график. Тасымалданған жолаушылар саны, SA, мың адам



Дереккөзі: ҚРҰБ; ҚР СЖРА ҰСБ

* Жеке қызметтерге емделу, оқу және басқа мақсаттар, оның ішінде туристік қызметтер кіреді

2023 жылы инвестициялық белсенділік едәуір артқаннан кейін жыл басынан бастап инвестициялардың қысқарғаны байқалады, бұл тау-кен өндіру секторына инвестициялардың төмендеуіне байланысты. Экономиканың шикізатқа жатпайтын секторында инвестициялық белсенділік арта түсті.


2024 жылғы қаңтар-сәуірде Теңіз кен орнындағы (БКЖ-СҚБЖ) құрылыс жұмыстарының көлемінің азаюы нәтижесінде тау-кен өндіру өнеркәсібіне инвестициялардың азаюы аясында негізгі капиталға инвестициялар 5,3%-ға ж/ж қысқарды. Сонымен қатар, мемлекеттік бюджеттен инвестицияларды қоспағанда, шикізатқа жатпайтын секторға инвестициялар өсті (25-график). Инвестициялардың жоғары өсу қарқыны көлікте, өңдеу өнеркәсібінде, электрмен

жабдықтауда, құрылыста, байланыста, қаржылық және сақтандыру қызметінде, тұру және тамақтану қызметтерінде байқалды.


Өңдеу өнеркәсібінің құрылымында мұнай өңдеу, химия өнеркәсібі, тамақ өнімдерін өндіру, металлургия, машина жасау салаларындағы инвестициялық жобалар іске асырылуда. Электрмен жабдықтауға инвестициялардың өсуі электр станцияларын модернизациялау және салу жөніндегі жұмыстардың жалғасуына байланысты. Көлік саласындағы жоғары инвестициялық белсенділік теміржол және автомобиль жолдарын жөндеу және салу, вагондар паркін жаңарту, жекелеген қалаларда әуежай терминалдарын салумен байланысты. «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасын іске асыру аясында «Ақпарат және байланыс» секторындағы негізгі капиталға инвестициялар ұлғайды.

2024 жылғы бірінші тоқсанда тұрғын үй құрылысына инвестициялар азайды. Тұрғын үй құрылысына инвестициялардың негізгі көзі халықтың меншікті қаражаты болып қала береді, кредиттер мен бюджет қаражатының үлесі аз. Дегенмен, тұрғын үй нарығындағы белсенділік (сатып алу-сату мәмілелерінің саны) пандемияға дейінгі деңгейден асып түсті (26-график).

25-график. Негізгі капиталға инвестициялар, ж/ж жинақталған қорытындымен, %



26-график. Тұрғын үй құрылысына инвестициялар және тұрғын үй нарығындағы белсенділік



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ-ның есептеуі

3.3. Өндіріс шығасылары


Тұтыну бағаларының динамикасына дезинфляциялық әсер ете отырып, импорттық өнімге және өсімдік шаруашылығы өнімдеріне жылдық мәнде бағалардың төмендеуі нәтижесінде өндіріс шығасылары төмендеп келеді. Сонымен қатар, «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасын іске асыру шеңберінде тарифтердің өсуі аясында сақтау және қоймада сақтау қызметтерінің, сондай-ақ коммуналдық қызметтердің қымбаттауы байқалды.

Импорттық бағалардың төмендеуі теңгенің айырбастау бағамының нығаюы және жаһандық инфляцияның баяулауы жағдайында жалғасты. Инвестициялық және аралық тауарларға, құрылыс материалдары мен азық-түлікке импорттық бағалар төмендеді, бұл ішкі өндіріс шығасыларына жақсы әсер етеді. Сонымен қатар, төмендеу қарқыны баяулады, бұл нақты сектордың тұтыну бағасына дезинфляциялық әсерін біртіндеп төмендетеді (27-график).


Өткен жылы өнімнің нашар болуына байланысты қорлардың азаюына қарамастан (2024 жылғы бірінші тоқсанда дәнді дақылдар қоры 11,9% ж/ж, майлы дақылдар – 24,3%-ға ж/ж төмендеді), өсімдік шаруашылығында бағалардың төмендеуі жалғасты. 2024 жылғы сәуірде дәнді дақылдарды өндірушілердің бағасы 3,0% ж/ж, майлы дақылдар – 10,5% ж/ж, жемшөп – 9,1%-ға ж/ж төмендеді. Сонымен қатар, өткен жылдың соңынан бастап кейбір айларда

өсімдік шаруашылығы өнімдеріне бағаның бір айлық өсуі байқалды. Сонымен қатар, мал мен құс бағасының өсуі аясында мал шаруашылығы өнімдеріне бағаның өсуі жеделдеді (28-график).

27-график. Импорттық бағалар және теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналды айырбастау бағамы, ж/ж, %




28-график. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің бағасы, ж/ж, %




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

Шикізат пен импорттық өнімдердің төмен бағасы өнеркәсіптік өнімдер бағасының төмендеуіне немесе баяу өсуіне ықпал етті. Осы жылы сәуірде азық-түлік өндірушілерінің бағасы 0,8%-ға ж/ж төмендеді. Қант, май және тоң май өндірушілердің бағасы өндірістік қуатты модернизациялау шеңберінде өндірістік процесті оңтайландыру аясында төмендеп келеді. Өз кезегінде нан-тоқаш, макарон және ұн өнімдері, кондитерлік өнімдер өндірісі қымбаттады. Сусындар мен автомобиль өндірушілерінің бағасының өсуі 2024 жылғы сәуірде баяулады (29-график).

29-график. Өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілердің бағасы, ж/ж, %



30-график. Өнеркәсіп өнімдері мен қызметтерінің жекелеген түрлерін өндірушілердің бағасы, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

Шикізат пен материалдар бағасының қолайлы динамикасына қарамастан, коммуналдық қызметтердің бағасы өсіп жатыр, бұл өндірілетін өнімнің түпкілікті құнын жоғарылатуы мүмкін.


Электрмен және сумен жабдықтау өндірушілерінің бағасы осы жылы сәуірде өсуді жалғастырып, тиісінше 17,9% ж/ж және 10,8%-ды ж/ж құрады. Бағаның өсуі қолданыстағы жылу коммуникациялары мен су құбыры желілерін модернизациялау үшін тарифтердің қалыптасуын реформалауға байланысты. Сонымен қатар, 2024 жылғы бірінші тоқсанда көлік қызметінің, оның ішінде сақтау және қоймада сақтау қызметінің қымбаттауы байқалды. Мұнай өнімдерін өндірушілер бағасының өсуі жалғасты (30-график). Сақтау және қоймада сақтау қызметі, оның ішінде астық сақтау бағасының байқалған өсу қарқыны жоғары болып қала береді, бұл да өндіріс шығасыларына қосымша жүктеме береді.

3.4. Инфляция


Инфляция баяулады, алайда экономикада реттелетін қызметтерге тарифтердің нақты және жоспарлы өсуіне байланысты инфляцияның ұлғаю тәуекелдері бар. 2024 жылдың басынан бастап ақылы қызметтер инфляцияға негізгі үлес қосады.

2024 жылғы сәуірде жылдық инфляция көрсеткіші 8,7%-ға дейін баяулады. Баяулау жаһандық инфляциялық қысымның әлсіреуі және орташа қатаң ақша-кредит талаптары аясында жүреді. Сонымен қатар, тұтыну бағасының баяу өсуіне өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығындағы өндірушілер бағасының төмендеуі, сондай-ақ импорттық бағаның төмендеуі ықпал етті. Жылдық инфляция құрылымында сервистік инфляциядан басқа ТБИ-дің барлық негізгі компоненттері бағасының жылдық өсу қарқынының баяулауы байқалады (31-график). Айлық инфляция көрсеткіші 0,6%-ға дейін баяулап, 2017-2021 жылдардың сәуірдегі орташа тарихи мәндеріне жетті (32-график).

31-график. Жылдық инфляцияның (%) және оның негізгі компоненттерінің салымдарының динамикасы (п.т.)



32-график. Айлық инфляцияның (%) және оның негізгі компоненттерінің салымдарының динамикасы (п.т.)



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ-ның есептеуі

2024 жылғы сәуірде азық-түлік инфляциясының 6,3%-ға дейін баяулауы Қазақстан өндірушілерінің ауыл шаруашылығы өнімдері мен тамақ өнеркәсібі өнімдеріне бағаларының төмендеуіне байланысты болды. Бұған қосымша теңгенің номиналды бағамының нығаюы аясында өсімдік тектес өнімдерге импорттық бағалардың төмендеуі ықпал етті. Бір айлық азық-түлік инфляциясы 0,3%-ға дейін баяулады, бұл жеке көкөністерге олардың ұсынысының өсуі жағдайында бағаның төмендеуіне байланысты болды.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының жылдық өсуі де 2024 жылғы сәуірде 7,6%-ға дейін баяулады. Бұған дайын және аралық тауарлардың импорттық бағасының өсу қарқынының төмендеуі ықпал етті, бұл өз кезегінде жекелеген азық-түлікке жатпайтын тауарлардың ішкі өндірушілерінің бағасының төмендеуіне әкелді. Алайда, 2024 жылғы наурызда баяулаған бағаның айлық өсуі сәуірде 0,7%-ға дейін қайта жоғарылады. Бағалардың өсуіне нақты жалақының өсуін қалпына келтіру және тұтынушылық кредиттер берудің жоғары өсу қарқыны аясында орнықты сұраныс ықпал етті.


2024 жылғы сәуірде инфляцияның сервистік компоненті жылдық мәнде 13,5%-ға дейін жеделдеді. ТКҚ-ның реттелетін тарифтерінің өсуі айтарлықтай инфляциялық қысым көрсетуді жалғастыруда. 2024 жылдың басынан бері реттелетін ТКҚ бағасының жинақталған өсуі 9,9%-ды құрады. Сонымен қатар, туристер ағынының артуы аясында қоғамдық тамақтану, қонақ үй қызметін көрсету, ойын-сауық және демалыс қызметтері сияқты жеке нарықтық қызметтерге бағаның өсуі байқалады.

Азық-түлік компоненттерінің баяулауы жағдайында маусымдық мәндер қамтылмаған және базалық инфляцияны бағалау инфляцияның нысаналы деңгейіне жақындады. Бұл ретте тауарлар мен қызметтердің едәуір санының өсу қарқыны өзінің орташа тарихи мәндерінен, сондай-ақ инфляцияның нысаналы деңгейінен жоғары өсуді жалғастырды.


2024 жылғы сәуірде үш ай ішінде маусымдық мәндер қамтылмаған қалыпты инфляция 0,6%-ды құрады. Үш ай ішінде қалыпты маусымдық мәндер қамтылмаған базалық инфляцияның орташа бағасы 0,6%-ды құрады (33-график).

Базалық және маусымдық мәндер қамтылмаған инфляцияның жалпы баяулауына қарамастан, тауарлардың едәуір бөлігіне бағаның өсу қарқыны әлі де нысаналы мәннен және орташа тарихи деңгейден едәуір жоғары (34-график). Маусымдық мәндер қамтылмаған және базалық инфляцияның баяулауы негізінен азық-түлік тауарлары бағасының төмендеуіне байланысты болды, ал ТБИ-дің азық-түлікке жатпайтын және сервистік компоненттері нысаналы мәннен едәуір жоғары болып қалды. Маусымдық факторлар қамтылмаған азық-түлікке жатпайтын компоненттің жылдық мәні 9,1%-ды, ал сервистік компонент 8,8%-ды құрады.

33-график. Инфляция көрсеткіштері, а/а, %



34-график. ТБИ-дің әртүрлі топтарына маусымдық мәндер қамтылмаған бағаның өсуі, а/а, аннуал., %




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ-ның есептеуі

Нақты инфляцияның баяулауына қарамастан, 2024 жылы сәуірде инфляциялық күту өсті.

Халықтың инфляциялық күтулері құбылмалы және жекелеген тауар нарықтарындағы күтпеген өзгерістерге тәуелді болып қала береді. **2024 жылғы сәуірде күтілетін инфляцияның медианалық бағасы жыл басынан бері төмендегеннен кейін 16,1%-ға дейін өсті (35-график).** Халықтың едәуір бөлігі орта және ұзақ мерзімді болашақта бағаның нысаналы деңгейден жоғары өсуін күтеді, ал респонденттердің 25,1%-ы бағаның қазіргіге қарағанда тез өсуін күтеді. Респонденттердің пікірінше, негізгі себептерге азық-түлік бағасының өзгеруі, ЖЖМ, жалақы мен зейнетақының өсуі жатады.

35-график. Күтілетін және қабылданатын инфляцияны медианалық бағалау, ж/ж, %



Дерккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, FusionLab: халық сауалнамасы

2024 жылғы сәуірде қабылданған инфляция алдыңғы айларда баяулағаннан кейін қайтадан 16,3%-ға дейін өсті.

Инфляцияның азық-түлік компонентінің баяулауына қарамастан, респонденттердің көпшілігі азық-түлік бағасының жылдам өсуін байқаған. Инфляцияны қабылдауға жоғары қысым ТҚК бағасының өсуіне де әсер етеді. Сонымен қатар, респонденттердің сәуірдегі жауаптарында елдің келер жылдағы даму перспективаларын бағалаудың нашарлауы байқалады. Бұл, бәлкім, Қазақстан өңірлеріндегі су тасқынына байланысты болуы мүмкін, бұл белгісіздік деңгейін және бағаның тезірек өсуін күтуді арттырды.


4-бок. Қазақстан өңірлеріндегі бұрын соңды болмаған су тасқынының инфляцияға ықтимал әсері

2024 жылы сәуірдің басынан бастап Қазақстанның көптеген аймақтарына су тасқыны әсер етті. Тікелей қиратудан басқа, су тасқыны ауыл шаруашылығына зиян келтіру арқылы инфляцияны ұлғайтуы мүмкін. Бұл инфрақұрылымның зақымдануы, топырақ өнімділігінің төмендеуі, зиянды микроорганизмдердің таралуы және жекелеген жерлерде егіс жұмыстарының кестесіндегі өзгерістер арқылы көрінуі мүмкін. Бұл тәуекелдер әсіресе зардап шеккен кейбір облыстардың – Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының үлесіне Қазақстанда бидай өндірісінің үлкен үлесі тиесілі болуына байланысты өзекті (1-сурет).

Бұған қоса, «Қазгидромет» болжамына сәйкес маусымда еліміздің бірқатар өңірлерінде қолайсыз ауа райы жағдайлары күтілуде⁸. Қазақстан аумағының басым бөлігінде нормадан жоғары температура және нормадан төмен жауын-шашын болжанады. Бұл көптеген астық аймақтарына қатысты, бұл астық дақылдарына қосымша қауіп төндіреді және инфляцияның ұлғаю тәуекелдерін арттырады (2-сурет).

⁸ 2024 жылдың көктем және жаз айларына арналған Қазақстан аумағы бойынша маусымдық ауа райы болжамы (4 Сәуірден)


1-сурет. Тасқын су және дәнді дақылдарды өсіру аймақтарының картасы



■ Бидай егістіктері ■ 1-8 сәуір су тасқыны ■ 9-16 сәуір су тасқыны

Дереккөзі: USDA Foreign Agriculture Service, European Civil Protection and Humanitarian Aid Operations


2-сурет. Температураның және жауын-шашынның ауытқулары



■ Температура нормадан жоғары, жауын-шашын төмен
 ■ Температура нормадан жоғары, жауын-шашын жақын
 ■ Температура нормаға жақын, жауын-шашын төмен
 ■ Температура мен жауын-шашын нормаға жақын
 ■ Температура нормаға жақын, жауын-шашын жоғары

Дереккөзі: Қазгидромет (2024 жылғы сәуір-қазанға болжам) Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

1-график. Астық қорларының, бидай мен ұн бағаларының өзгеру динамикасы



Өткен жылғы бидай өнімінің нәтижелерін ескере отырып, экономиканың ауыл шаруашылығындағы бұрын соңды болмаған жағдайлардың әсеріне неғұрлым осал болуы мүмкін екенін де атап өткен жөн. ҰСБ деректеріне сәйкес 2023 жылы Қазақстанда дәнді және бұршақ дақылдарын жалпы жинау 2022 жылмен салыстырғанда 22,4%-ға төмендеді. Бұл тенденция 2023 жылғы желтоқсанда өткен жылғы тиісті кезеңдегі деңгейден 7,9%-ға, ал 2024 жылғы сәуірде – 10,1%-ға төмен болған астық қорларына да әсер етті (1-график).

2024 жылы Ауыл шаруашылығы министрлігі су тасқынына қарамастан, егістің оңтайлы мерзімін және топырақтағы ылғалдың жеткілікті мөлшерін орындау жоспарын хабарлады⁹. 2024 жылғы 24 мамырға жоспарланған алқаптардың 45%-ы себілді¹⁰. Сонымен қатар уақтылы бейімделу және әлеуетті тәуекелдерді азайту үшін барлық факторларды ескеру маңызды.

3.5. Фискалдық саясат


Республикалық бюджет салықтарын жинау бойынша жоспардан ауытқу қосымша фискалдық ынталандыру тәуекелдерін арттырады.

⁹ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы


¹⁰ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің пресс-орталығы

2024 жылғы бірінші тоқсанның қорытындылары бойынша мемлекеттік бюджет кірістің өсуі және бюджеттік кредиттердің неғұрлым төмен берілуі аясында 270 млрд теңге (ЖІӨ-нің 1,1%-ы) тапшылығымен қалыптасты, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 29%-ға төмен. Кіріс пен шығынның өсуі жылдық мәнде 7,6%-ды құрады. Кіріс динамикасына трансферттер оң үлес (47,7%-ға өсу) қосуда. Шығын құрылымында өсуге әлеуметтік қамсыздандыруға және борышқа қызмет көрсетуге арналған шығыс елеулі үлес қосады. Мұнай кірісін қоспағанда мемлекеттік бюджет тапшылығы 1,9 трлн теңгеге дейін (ЖІӨ-нің 7,6%-ы) өсті (36-график).

36-график. Мемлекеттік бюджет тапшылығы, ЖІӨ-ге %-бен



37-график. Республикалық бюджеттің салықтары бойынша орындалуы, млрд теңге (+асыра орындау/-толық орындамау)



**2023 жылы Ұлттық Қорға 1,3 трлн теңге сомасына «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын сатып алу республикалық бюджетке дивидендтер түрінде түсті, бұл «Салықтық емес түсімдер» бабында тіркелген, бұл сома талдамалық мақсаттар үшін Ұлттық қордан трансферттерге ұқсас мұнайға жатпайтын тапшылықты есептеу кезінде алып тасталды.*

Дереккөзі: ҚР Қаржымині, ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы бірінші тоқсанда кірістер құрамындағы салықтардың қысқаруы байқалады, атап айтқанда, республикалық бюджетке түсетін ірі кәсіпкерлік субъектілерінен ҚҚС, мұнайға әкетілетін кедендік баж және КТС түсімдері төмендеді. Бұл факт 2023 жылғы төртінші тоқсандағы аванстық төлемдерге, сондай-ақ сыртқы сауда айналымының қысқаруына және теңге бағамының АҚШ долларына қатысты нығаюына байланысты болуы мүмкін. Нәтижесінде, 2024 жылғы бірінші тоқсанда салық түсімдері бойынша республикалық бюджеттің атқарылуы жоспардан төмен қалыптасты. Ауытқу шамамен 700 млрд теңгені құрады. 2023 жылы республикалық бюджеттің салық бойынша орындалмауы 1,3 трлн теңгеден асқандығын айта кету керек, бұл «Қазмұнайгаз ҰК» АҚ акцияларын Ұлттық қорға сатып алумен және Үкіметке осындай сомаға қаражат төлеумен толықтырылды (37-график). 2024 жылдың көктемінде Қазақстан аумағында су тасқыны түріндегі теңдессіз дүлей зілзала болды. Зардап шеккендерге өтемақыны жабуға Үкімет резервінен, жергілікті атқарушы органдар бюджетінен және бизнес тарапынан жарналардан қаражат пайдаланылатын болады. Қазіргі уақытта үй шаруашылықтары мен кәсіпкерлікке келтірілген залал бағалануда. Сонымен қатар 2024 жылы Үкімет алдында экономиканың өсуін 6% деңгейінде қамтамасыз ету міндеті тұр. Өткен жылдың жоғары базасын ескере отырып, осы бағдарға қол жеткізу қосымша фискалдық ынталандыруды талап етуі мүмкін, бұл экономикаға проинфляциялық ықпал ететін болады.

Ақша базасы – Ұлттық Банктің кассаларындағы қолма-қол ақшаны қоспағанда, Ұлттық Банк айналымға шығарған қолма-қол ақша, банктердің аударылатын және басқа да депозиттері, банктік емес қаржы ұйымдарының аударылатын депозиттері және Ұлттық Банктегі теңгедегі мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардың ағымдағы шоттары.

Ақша массасы (М3) Ұлттық Банк пен банктер баланстарының шоттарын шоғырландыру негізінде айқындалады. Ол айналыстағы қолма-қол ақшадан және ұлттық және шетел валютасындағы банктік емес заңды тұлғалар-резиденттер мен халықтың аударылатын және басқа депозиттерінен тұрады.

Ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігінің пайыздық арнасы – пайыздық мөлшерлемелерді реттеу арқылы орталық банктің экономикаға әсерін сипаттайтын трансмиссиялық тетік арнасы.

Ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігі – ақша-кредит саясаты құралдарының экономиканың өсуі, инфляция сияқты соңғы макроэкономикалық көрсеткіштерге әсер ету процесі.

Аударылатын депозиттер – бұл барлық депозиттер, олар: 1) кез-келген уақытта номиналы бойынша айыппұлсыз және шектеусіз ақшаға айналдыруға болады; 2) чек, тратта немесе май тапсырмасы арқылы еркін аударылады; 3) төлемдерді жүзеге асыру үшін кеңінен қолданылады, аударылатын депозиттер тар ақша массасының бөлігі болып табылады. Басқа депозиттерге, негізінен, белгілі бір уақыт өткеннен кейін ғана алынуы мүмкін жинақ және мерзімді депозиттер жатады немесе оларды қарапайым коммерциялық операцияларда пайдалану үшін ыңғайлы етпейтін және негізінен жинақтау механизмдеріне қойылатын талаптарға жауап беретін әртүрлі шектеулер бар. Бұдан басқа, басқа депозиттерге аударылмайтын салымдар мен шетел валютасында көрсетілген депозиттер де кіреді.

Әлеуетті шығарылым – экономикадағы өндіріс деңгейін көрсетеді, оған өндіріс факторлары толық жүктелген және толық жұмыспен қамтылған кезде қол жеткізуге болады. Бағаның өсу қарқынының өзгеруіне алғышарттар жасамай өндіруге және іске асыруға болатын өнім көлемін көрсетеді.

Базалық мөлшерлеме – ақша нарығында номиналды банкаралық пайыздық мөлшерлемелерді реттеуге мүмкіндік беретін Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының негізгі құралы. Ұлттық Банк базалық мөлшерлеменің деңгейін белгілей отырып, орташа мерзімді кезеңде баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатына қол жеткізу үшін ақша нарығының таргеттелетін (нысаналы) банкаралық қысқа мерзімді мөлшерлемесінің нысаналы мәнін айқындайды.

Еркін өзгермелі айырбастау бағамы. ХВҚ-ның өзгермелі валюта бағамы режимі шеңберіндегі қолданыстағы жіктеуі бойынша орталық банк бағамның нарықтық факторлардың әсерінен қалыптасуына мүмкіндік беретін бағамның деңгейі немесе өзгеруі үшін бағдарларды, оның ішінде операциялық бағдарларды белгілемейді. Бұл ретте орталық банк ұлттық валюта бағамының құбылмалылығын тегістеу немесе оның шамадан тыс өзгеруінің алдын алу үшін, сондай-ақ қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ішкі валюта нарығына тұрақты емес әсер етуді жүзеге асыру мүмкіндігін өзіне қалдырады.

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) – пайдаланылған өндіріс факторларының ұлттық тиістілігіне қарамастан тұтыну, экспорт және жинақтау үшін мемлекет аумағындағы экономиканың барлық салаларында бір жыл ішінде өндірілген барлық түпкілікті тауарлар мен қызметтердің нарықтық құнын көрсететін көрсеткіш.

Инфляция – тауарлар мен қызметтер бағасының жалпы деңгейін арттыру. Қазақстанда инфляция тұтыну бағаларының индексімен өлшенеді.

Инфляциялық таргеттеу – бұл инфляцияның мақсатты деңгейіне жетуге бағытталған ақша-кредит саясатының режимі.

Кері РЕПО – алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сату міндеттемесімен бағалы қағазды сатып алу мәмілесі, Ұлттық Банк Ұлттық Банктің кепілмен қамтамасыз ету тізбесіне сәйкес бағалы қағаздар кепілімен банктерге теңгедегі өтімділікті беру мақсатында кері РЕПО операцияларын жүргізеді. Ашық нарық операциялары – базалық мөлшерлемеге жақын пайыздық мөлшерлемелердің деңгейін қалыптастыру мақсатында ақша нарығындағы өтімділікті ұсыну немесе алып қою үшін Ұлттық Банктің аукциондар нысанындағы тұрақты операциялары.

Нақты айырбастау бағамы – екі елде өндірілетін тауарлардың салыстырмалы бағасы: елдер арасындағы тауарлар алмасуының пропорциясы. Нақты бағам номиналды бағамға, валюта бағамдарының арақатынасына, ұлттық валютадағы тауарлар бағасына байланысты.

Негізгі капиталдың жалпы жинақталуы – өндіріс процесінде ұзақ уақыт бойы пайдаланылатын қаржылық емес активтердің өсуі. Негізгі капиталдың жалпы жинақталуы мынадай құрауыштарды қамтиды: а) істен шығуды шегергендегі жаңа және қолданыстағы негізгі қорларды сатып алу; б) өндірілген материалдық активтерді ірі жақсартуға арналған шығын; в) өндірілмеген материалдық активтерді жақсартуға арналған шығын; г) өндірілмеген шығынға меншік құқығын беруге байланысты шығыс.

Тұтыну бағаларының индексі – халық жеке тұтыну үшін сатып алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тіркелген қоржынына бағаның орташа деңгейінің уақыт бойынша өзгеруін сипаттайды. Инфляцияны есептеуге арналған Қазақстанның тұтыну қоржыны үй шаруашылықтары шығысының құрылымын көрсетеді және халықты тұтынуда ең көп үлес салмақты алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді қамтиды. ТБИ ағымдағы кезең бағаларындағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тіркелген жиынтығы құнының алдыңғы (базистік) кезең бағаларындағы оның құнына қатынасы ретінде есептеледі. Индекс Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросымен есептеледі.

Тұрақты қол жеткізу операциялары – ашық нарық операцияларының нәтижелері бойынша қалыптасқан өтімділік көлемдерін түзету жөніндегі ақша-кредит саясатының құралдары, тұрақты тетіктер екі жақты мәмілелер шеңберінде жүзеге асырылады, мұнда мәміленің бір тарабының субъектісі Ұлттық Банк болып табылады. Бұл операциялар банктердің бастамасы бойынша жүргізіледі.

Тұтынушы қоржыны – бұл адамның немесе отбасының айлық (жылдық) тұтынуының типтік деңгейі мен құрылымын сипаттайтын тауарлар мен қызметтер жиынтығы. Мұндай жинақ қолданыстағы бағалардағы тұтынушы қоржынының құнына сүйене отырып, ең төменгі күнкөріс деңгейін есептеу үшін қолданылады. Тұтынушы қоржыны сонымен қатар тұтынудың есептік және нақты деңгейлерін салыстыру базасы, сондай-ақ валюталардың сатып алу қабілетін анықтауға негіз болады.

Тікелей РЕПО – алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сатып алу міндеттемесімен бағалы қағазды сату мәмілесі, Ұлттық Банк артық теңгедегі өтімділікті алу мақсатында тікелей РЕПО операцияларын жүргізеді.

TONIA мөлшерлемесі – мемлекеттік бағалы қағаздармен автоматты РЕПО секторында биржада жасалған, бір жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлемені білдіреді.

Шығарылым алшақтығы – Әлеуетті шығарылымның пайызымен көрсетілген ЖІӨ ауытқуы. Белгілі бір уақыт аралығында нақты ЖІӨ мен әлеуетті ЖІӨ арасындағы айырмашылықты білдіреді. Елде пайдаланылатын ресурстардың тиімділігін көрсететін индикатор ретінде қызмет етеді. Нақты шығарылым әлеуетті шығарылымнан асып кеткен жағдайда (оң алшақтық), өзге де тең жағдайларда, экономиканың қызып кетуіне байланысты бағаның өсу қарқынын жеделдету үрдісін қалыптастыру күтіледі.

Экономиканы долларландыру – бұл шетел валютасы (көбінесе АҚШ доллары) ел ішінде немесе оның экономикасының жекелеген секторларында операцияларды жүзеге асыру үшін қолданыла бастайтын жағдай, ұлттық валютаны ішкі ақша айналымынан шығарып, жинақтау құралы, құн өлшемі және төлем құралы ретінде әрекет етеді.

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

б.т. – базистік тармақ
EIA – Energy Information Administration
ЕМ – дамушы нарықтар
ЕО – Еуропалық одақ
ЕОБ – Еуропалық орталық банк
ЕТЖ – ең төменгі жалақы
Ж – жалақы
ЖЖМ – жанар-жағармай материалдары
ЖІӨ – Жалпы ішкі өнім
ҚДКҚ – «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
ҚҚБ – Қазақстан қор биржасы
ҚОҚ – «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ
ҚР Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
ҚР ҚМ МКК – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті
ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҚРҰҚ – Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры
ККЖ ҰЕҚБЖ – Келешекте кеңейту жобасы / Ұңғыма ернеуінің қысымын басқару жобасы
МАЭК – Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты
МБҚ – мемлекеттік бағалы қағаздар
Млн – миллион
Млрд – миллиард
МӨЗ – мұнай өңдеу зауыты
Мың – мың
НӨҚ – негізгі өндірістік қорлар
ОПЕК – Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы
п.т. – пайыздық тармақ
Ресстат – Ресей Федерациясы мемлекеттік статистикасының федералдық қызметі
РФ ОБ – Ресей Федерациясының Орталық Банкі
СЖРА ҰСБ – Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы
ТБИ – тұтыну бағаларының индексі
ТКҚ – тұрғын үй-коммуналдық қызметтер
ТКШ – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
Трлн – триллион
ТШО – Теңізшевройл
ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
ХВҚ – Халықаралық валюта қоры
ФАО – Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы
ФРЖ – АҚШ федералды резервтік жүйесі
ЭДМ – Ресей Федерациясының Экономикалық даму министрлігі
ЭҚТ – экономикалық қызмет түрлері